




### ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІККЕ КӨҢІЛ ТОЛА МА?

5-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



### ӨНІРЛІК ҮСТЕМЕАҚЫНЫ ҚАЙТАРАЙЫҚ!

10-БЕТ | ҚОҒАМ



### ӘКЕЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ!

11-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Экономиканың маңызды саласы саналатын туризм әзірге тиімді болмай тұр. Бұл – Үкімет пен әкімдіктердің жіберген кемшілігі. Соңғы төрт жылда экономика құрылымындағы туризмнің үлесі 3,7 пайыздан 3,2 пайызға дейін азайып кетті. Бұл әлемдегі орташа көрсеткіштен үш есе төмен. Бұған қоса, аталған көрсеткіш бойынша біз климаты мен мәдениеті ұқсас көрші елдерге де есе жіберіп отырмыз.

№71  
(4659)  
Сенбі  
15 маусым  
2024 жыл



# АСТАНА

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## АСТАНАЛЫҚ ШАХМАТШЫ – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Үндістанда өткен 20 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында елордалық гроссмейстер Қазыбек Нөгербек алтын медаль жеңіп алды. Жас чемпионды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтады.

Әлемнің 44 елінен 226 спортшы қатысқан FIDE World Junior Chess Championships-2024 чемпионатының қорытындысында елордалық шахматшы 8,5 ұпай жинап, жеңімпаз атанса, әлем чемпионатының күміс жүлдесін Эмин Оганян (Армения), қола жүлдесін Лука Будисавлевич (Сербия) иеленді.



6-7

## МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

Ертең – елімізде медицина қызметкерлері күні. Бұл мерекеде ақ желеңді абзал жандарға құрмет көрсетіліп, еңбектері ерекше еленеді. Астана қаласындағы денсаулық сақтау секторында 3257 дәрігер, 5865 орта медицина қызметкері және 2411 өзге персонал еңбек етеді.



Құрбан айт  
تابت تابت  
болсын!

16 маусымда елімізде мұсылман қауымының Құрбан айт мерекесі басталады. Құрбан айт – шынайы ниет пен Аллаға деген сүйіспеншілікті паш ететін мейрам. Бұл – қайырымдылық пен мейірімділік мерекесі.

8

Елордада қала мен ел өңірлері тауар өндірушілерінің қатысуымен демалыс күнгі ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өз жұмысын жалғастырады.

Жәрмеңке елорданың Сарыарқа ауданындағы Б.Соқпақбаев көшесі, 21 мекенжайында орналасқан. Бұл жолы оған Ақмола, Абай және Түркістан облыстарының жеке кәсіпкерлері қатысады. Жәрмеңке әр демалыс күндері сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін жұмыс істейді.



### БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫНЫ КАМЕРА АНЫҚТАЙДЫ

«City Transportation Systems» компаниясы «Астана қаласының қоғамдық көлігіндегі бейнеаналитика жүйесі» инновациялық жобасын іске қосады.



Жобаның қанатқақты кезеңі аясында 2 мамырда №24 маршруттың бір автобусында нақты уақыт режимінде деректерді талдауға мүмкіндік беретін камералар, роутерлер және бортық компьютер орнатылған. Әр есікке қарама-қарсы орналасқан камералар кірген жолаушы-

лардың санын есептеп, төлем туралы мәліметтерді салыстырады. Бұл билетсіз жолаушылар санын, маршруттың уақыты мен учаскелерін дәл анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ нақты уақыттағы ақпарат CTS көлік бақылау департаментіне түседі. Қанатқақты жоба іске

қосылған сәттен бастап бір автобуста жүйемен 2 мыңнан астам билетсіз жол жүру жағдайы анықталды. Бұл қанатқақты жоба болғандықтан, жолаушыларға айыппұл салынған жоқ. CTS жобаның толық іске қосылуы мен іске асырылу барысы туралы қосымша хабарлайды.

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 482.21 \$ USD/KZT 450.79 ₰ RUB/KZT 5.05 ¥ CNY/KZT 62.14

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

Төлен ТІЛЕУБАЙ

ТУРИЗМ ТИІМДІ  
БОЛМАЙ ТҮР

Қасым-Жомарт Тоқаев туризмнің әлеуеті толық пайдаланылмай отырғанын айтты.

«Бүгінде әлемдік жалпы өнімдегі туризмнің үлесі 9 пайыздан асты. Яғни пандемияға дейінгі деңгейге қайта келді деуге болады. Дүние жүзіндегі жұмыс орындарының шамамен 10 пайызы туризмге тиесілі. Әрбір төртінші жұмыс орны осы салада ашылып жатыр. Көрсетілетін қызметтер бойынша әлемдік экспорттың 30 пайызы, инвестицияның 7 пайызы және салық түсімдерінің 5 пайызы туризм арқылы түседі. Қазақстанда туризмнің барлық түрін дамытуға мол мүмкіндік бар, экологиялық туризмнен бастап бизнес туризміне дейін дамытуға болады» деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміздің географиялық тұрғыдан оңтайлы орналасқанына, алуан түрлі табиғатымыз, бай әрі бірегей тарихи-мәдени мұрамыз бар екеніне қарамастан, туризм саласындағы әлеуеттің толық пайдаланылмай отырғанын сыға алды.

«Экономиканың маңызды саласы саналатын туризм әзірге тиімді болмай тұр. Бұл – Үкімет пен әкімдіктердің жіберген кемшілігі. Соңғы төрт жылда экономика құрылымындағы туризмнің үлесі 3,7 пайыздан 3,2 пайызға дейін азайып кетті. Бұл әлемдегі орташа көрсеткіштен үш есе төмен. Бұған қоса, аталған көрсеткіш бойынша біз климаты мен мәдениеті ұқсас көрші елдерге де есе жіберіп отырмыз. Туризм саласы қарқынды түрде даму үшін шұғыл әрі жүйелі шаралар қабылдау қажет екенін анық» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ШИПАЖАЙЛАРДА  
ОРЫН САНЫ  
НЕГЕ АЗАЙДЫ?

Президент айрықша назар аударуды қажет ететін бірнеше басым бағытқа арнайы тоқталды. Мемлекет басшысы, ең алдымен, туризм саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру қажет екенін айтты.

«Дүниежүзілік экономикалық форумның бағалауы бойынша еліміз туризм саласындағы іскерлік ортаны дамыту деңгейі тұрғысынан 119 елдің ішінде 70-орында тұр. Бұл мақтанатын көрсеткіш емес. Демек, бұл салада бизнес жүргізуге қолайлы жағдай жасалмаған. Сол себепті туристер нөпірі артқанына қарамастан, курорттық аймақтардағы орын саны өспек тұрмақ, керісінше, азайып барады. Алакөл демалыс аймағының Жетісу облысы жағы мен Алматы тау кластері көш соңында келеді. Алакөлдегі қонақүйлер, отельдер мен туристік базалардың саны 24-ке, ал Алматыда 16-ға қысқарған. Соның салдарынан бюджет тұрақты салық түсімінен, ал өңірлер жұмыс орындарынан қағылып отыр» деді Президент.

Мемлекет басшысы ұлттық парктар мен орман қорына тиесілі аймақтарда жер телімін бөлу мәселесі заң тұрғысынан қиындағанына байланысты бизнес өкілдері тарапынан шағым түсіп жатқанын атап өтті. Бұл – өте жедел атқаратын міндет. Автомобиль жолдарының сапасы да нашар. Әсіресе, шалғайда орналасқан демалыс аймақтарына көлікпен жету оңай емес.

«Туризм саласындағы 17 серпінді инвестициялық жо-

ОТАНДЫҚ ТУРИЗМНІҢ  
ДАМУЫН НЕ ТЕЖЕП ОТЫР?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен туризмді дамыту жөніндегі кеңес өтті. Жиынға Премьер-министр Олжас Бектенов, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебаев, Бас прокурор Берік Асыллов, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев, Үкімет мүшелері, Астананың, республикалық маңызы бар қалалар мен облыстардың әкімдері, ұлттық компаниялар мен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының жетекшілері, туризм секторындағы бизнес қоғамдастық өкілдері қатысты. Мемлекет басшысы, ең алдымен, туризм әлемдік экономиканың қарқынды дамуына ықпал етіп отырған әрі инвесторлар үшін тартымды сала екенін атап өтті.

баның ішінде тек екеуі ғана ірі жоба екені мәлім болды. Бірақ оларға да бюджеттен қомақты қаржы құю керек. Соған қарағанда, Үкімет жобаларды өз қаржымен жүзеге асыруға дайын инвесторлармен жеткілікті деңгейде тиімді жұмыс істей алмай отыр. Ал оларға керегі – тек инфрақұрылым жағынан қолдау. Туризм саласына инвесторларды тарту үшін ашық әрі тұрақты жағдай қажет. Үкімет пен өңірлердің әкімдері курорттық аймақтар құрылысының Бас жоспарын цифрлық нұсқаға көшіруге кірісіп, оған ашық қолжетімділікті қамтамасыз еткені жөн. Әлеуетті инвестордың бос жер телімдері туралы маңызды ақпарат алуға мүмкіндігі болуға тиіс» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл ретте Мемлекет басшысы әлемнің түкпір-түкпірінен шетелдік IT-мамандарды, яғни «цифрлық көшпенділерді» тарту ісіне айрықша мән беру қажет деп санайды. Үкіметке биыл қазан айынан бастап арнайы «Digital Nomad Visa» және «Digital Nomad Residency» бағдарламаларын іске қосуды тапсырды.

КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ  
НАШАР

Президенттің пікірінше, отандық туризмді тежейтін елеулі түйткілдің бірі – көлік инфрақұрылымының нашарлығы.

«Еліміздегі теміржол саласын көтермейді. Вагондардың көбі әбден ескірген. Кейбір вагондарда, тіпті, кондиционер де жоқ. Үкімет алдағы бес жылда вагондар паркін жаңартуға тиіс. Бұл жұмысты созыбай, барлығы халықаралық стандарттарға сай болуға тиіс. Жаз айларында жолаушылар саны күрт артатыны белгілі. Жұрт жағи баратын жерлерге жайлы вагондарды бар пойыздарды көбейту қажет. Бұл – өте жедел атқаратын міндет. Автомобиль жолдарының сапасы да нашар. Әсіресе, шалғайда орналасқан демалыс аймақтарына көлікпен жету оңай емес. Тіпті, өте қиын. Тасжол жоқ

деуге болады. «Астана-Алматы» бағытындағы жолды жөндеу жұмыстары 2021 жылдан бері созылып келеді. Бұл – Қазақстанның оңтүстігі мен орталығын байланыстырып тұрған күре жол. Құрылысы аяқталмай жатқан тағы бірнеше жоба бар. Бұлар – Атырау-Астрахань, Талдықорған-Өскемен, Мерке-Бұрылбайтал, Ақтөбе-Қандыағаш, Казталовка-Жәнібек бағыттары. Бір сөзбен, мұндай ахуал аймақтардың туристік әлеуетін толық ашуға мүмкіндік бермей отыр. Оның үстіне, жол жөндеу жұмыстарының сметалық құны жыл сайын қымбаттайды. Үкімет осы құрылыстарды биыл толық аяқтау керек. Барлық бағыттар бойынша жұрттың кедергісіз қатынауын қамтамасыз ету қажет» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы демалыс орындарымен логистикалық байланыстың нашарлығы ішкі туризмге ғана емес, шетелдік қонақтардың да келуіне әсер ететінін айтты.

«Шетелдік туристердің 90 пайызына жуығы көршілес ТМД елдеріне тиесілі. Алыс шетелден келетін туристер әзірге аз. Халықаралық зерттеулерге сөйкес, саяхатшылардың 70 пайыздан астамы ұшақпен 4 сағат айналасында жететін демалыс орындарына барғанды жөн көреді. Демек Қытай, Үндістан, Шығыс Азия, Таяу Шығыс елдерінен келетін туристер үшін Қазақстан өте тартымды болуы мүмкін. Бұл ретте шетелдік туристердің ұлттық менталитетімен, олардың мүддесімен және сұраныстарымен санасып, өзіндік ерекшеліктерін ескерген жөн. Бүкіл туристке бір бағдарлама ұсынуға болмайды. Ол үшін жоғары білікті мамандар керек және сапалы жұмыс істеу қажет. Алдағы бес жылда елімізге келетін туристер санын екі есе, тіпті үш есе арттыруға мүмкіндігіміз бар. Әуе тасымалы саласын дамыту қажет. Ең алдымен, танымал әуе бағыттарындағы лоукостерлердің санын көбейту керек. Қазір Қазақстанның жолаушылар тасымалы құрылымындағы лоукостерлердің үлесі – небәрі 21 пайыз. Салыстырмалы түрде айтқанда, Грузия мен Әзербай-

жанда бұл көрсеткіш 56 және 37 пайызды құрайды. Сонымен қатар бизнес әуе тасымалы нарығында ұдайы өзгерістерге тап болып отыр. Тіпті оған бейімделіп үлгермейді. «Атамекен» палатасының мәліметі бойынша биыл Алакөл бағытындағы әуе рейстері субсидиясыз қалды. Бұл туралы туристік операторлар маусым басталар алдында ғана білді» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев биыл Қытайға Қазақстан туризмі жылы деп жарияланғанын еске салып, көрші елден туристерді көбірек тарту үшін мәдени әлеуетімізді пайдалану, шекара маңындағы туристік ынтымақтастықты дамытуға айрықша мән беру маңызды екеніне назар аударды. Бұл ретте Үкіметке шекаралас аймақтардың әкімдерімен бірлесіп, елді мекендерді туристер қабылдауға дайындау, Бақты және Көлжат бақылау-өткізу бекеттеріндегі жаңғырту жұмыстарын тезірек аяқтау, сондай-ақ Қазақстанға келген шетелдік туристердің қауіпсіздігін ұдайы бақылауда ұстау жөнінде тапсырма берілді.

ҮКІМЕТ ЖОСПАРЫН  
СЫҢҒА АЛДЫ

Президент туристік аймақтарды инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету ісінде де түйткілдер көп екеніне тоқталды.

«Туристік базаларда энергия қуатының өзі жетіспейді. Сол себепті демалушылар көбіне жарықсыз қалады. Соның салдарынан адамдарға қатер төнеді. Сондай-ақ өрт шығу қаупі бар, тұрмыстық техника жарамсыз болып қалады. Кәсіпкерлер құралдардың істен шығуына және азық-түліктің бұзылуына байланысты зор шығынға батады. Үкімет әкімдіктермен бірлесіп, курорт аймақтарын инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету ісіне тексеру жүргізуге тиіс. Туристік орындарды инженерлік инфрақұрылыммен, соның ішінде электр энергиясымен, кәріз жүйесімен, тазарту құрылыстарымен, ауызсумен және кіреберіс жолдармен қамтамасыз ету үшін арнайы бюджеттік бағдарлама қажет» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің барлық өңірде бір мезетте 20 туристік аймақты дамыту жоспарын сыға алып, мұндай тәсіл тиімсіз екенін, мемлекеттің шектеулі ресурсын зая кетіретінін мәлімдеді. Президенттің пікірінше, Қазақстан туризмінің жаһандық деңгейдегі төлқұжатына айналуға лайық анағұрлым перспективті нысандарды қысқа мерзім ішінде ретке келтірген жөн.

«Алматы өңірінің тау кластері, Маңғыстау жағажай туризмі және Щучье-Бурабай курорттық аймағы ең қолайлы бағыттар саналады. Алматы – Қазақстан туризмін дамытудың басты орталығы. Жалпы туристер легінің төрттен бірі, соның ішінде шетелдік туристердің жартысы осы қалаға тиесілі. Бірақ қаланың туристік инфрақұрылымы жылдан-жылға артып келе жатқан нөпірге төтеп бере алмайды. Демалыс және мереке күндері Шымбұлаққа келушілер саны оның өткізу мүмкіндігінен 2,5 есе асып кетеді. Сондықтан тау шаңғысы кластерін, оның ішінде Алматы облысындағы Түрген шатқалында жыл бойы жұмыс істейтін тау курортын салу арқылы одан әрі дамыту өте маңызды» деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент Үкіметке Маңғыстау облысының әкімдігімен бірге Каспий жағалауындағы туризм инфрақұрылымының сапасын арттыру үшін қонақ үй және мейманхана бизнесінің әлемдік брендтері мен франшизаларын тартумен белсенді айналысуды, жағалаудағы курорттық аймақтарды дамыту жөніндегі Дубай мен Баку қалаларының тәжірибесін ескере отырып, Ақтау қаласының Бас жоспарын қайта қарауды, Ақтауға Алматыдан, Ақтөбеден, Шымкенттен және Атыраудан қатынайтын әуе рейстерінің санын арттыруды, «Жылы жағажай» аумағындағы жобаларды жыл соңына дейін аяқтауды, сондай-ақ Кендірлі демалыс аймағын дамыту ісін жеделдетуді тапсырды.

КУРОРТТЫҚ АЙМАҚТЫ  
ДАМУЫ НЕГЕ ІСКЕ  
АСЫРЫЛМАДЫ?

Мемлекет басшысы Щучье-Бурабай курорттық аймағындағы тұмса табиғат, тарихи және мәдени ескерткіштер біздің бірегей байлығымыз екенін атап өтті.

«Бурабай Астанадан алыс емес. Сондықтан елорда тұрғындары мен қонақтары бұл жерге жиі барады. Туристер саны жылдан-жылға артып келе жатыр. Дегенмен онда инфрақұрылым салу жұмысы өте бауу жүріп жатыр. Соның салдарынан жергілікті демалыс орындарындағы экологиялық ахуал әлі де күрделі. Жергілікті билік маңызды инфрақұрылымдық жобалардың орындалуын созу балаңға салып отыр. Мысалы, Щучье-Бурабай курорттық аймағын дамыту жоспары толық жүзеге асырылған жоқ. Бұл құжат сонау 2012 жылы қабылданған. Жоспар бойынша 126 миллиард теңге бөлінуге тиіс еді. Іс жүзінде 35 миллиард теңге берілген. Бұл – көзделген қаржының небәрі 28 пайызы. Он жылдан астам уақыт өтті. Бірақ демалыс орнында тазарту қондырғылары орнатылған жоқ. Су желілері мен жылу көздерінің құрылысы да толық бітпеген. Үкімет, Президент Іс басқармасы және облыс әкімдігі осы жобаларды көпке созбай, қысқа мерзімде аяқтауға тиіс» деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Үкімет пен жергілікті әкімдікке «Бурабай» курорттың аумағында орналасқан «Ақбура», Жөкей көлі, Қатаркөл, Текекөл және басқа да жаңа туристік аймақтарды дамыту, Бурабай аймағына Астана, Қарағанды, Павлодар, Өскемен қалаларынан жедел қатынайтын пойыздарды іске қосу, Президент Іс басқармасы әзірлеп жатқан «Burbay Travel» бірыңғай цифрлық платформасында маңайдағы туристік аймақтарды түгел қамту міндеттері жүктелді.

ЗАМАНАУИ ҚҰРАЛДАРДЫ  
ҚОЛДАНУ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қазақстан туризмін насихаттау үшін заманауи құралдарды белсенді қолдану қажет деп санайды.

«Еліміз туралы қызықты мәліметтерді ғаламдық ақпарат кеңістігінде кеңінен таратқанымыз жөн. Туризмді дамыту үшін Қазақстанда өтетін ауқымды халықаралық шараларды толығымен пайдалану керек. Биыл елімізде V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Бұл дода төл дәстүріміздің, мәдениетіміз бен спорттымыздың үйлесім тапқанын көрсетеді. Бірақ әлемдік медиа-кеңістікте бұл туралы ақпараттар өте аз деуге болады. Мұндай мүмкіндікті жіберуге болмайды. Шетелден туристер тарту үшін елімізді барынша таныту керек. Халықаралық ірі медиа-компаниялармен тығыз жұмыс істеу қажет. Сыртқы істер министрлігіне осы шаруаны пысықтауды тапсырамын» деді Президент.

ТАБИҒАТҚА ЗИЯН  
КЕЛТІРМЕЙІК!

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, экология мәселесіне арнайы тоқталды. Оның айтуынша, туризмді дамытудың деп табиғатқа зиян келтіруге болмайды.

«Қоғамда экологиялық мәдениет қалыптасып келеді. Бірақ өткір мәселелер де аз емес. Өкінішке қарай, өзен-көлдің жағасын, орман ішін қоқысқа толтыратындар әлі де азаймай тұр. Тазалықты сақтау үшін арнайы экологиялық шаралар өткізуге мәжбүрміз. Қазір елімізде «Таза Қазақстан» акциясы жүріп жатқанын білесіздер. Бұл жұмыстың тиімді болуы, ең алдымен, жұрттың сана-сезіміне байланысты. Әрине, азаматтардың экологиялық сауатын көтеру де маңызды. Осыған орай Мәдениет, Экология, Оқу-ағарту министрліктері нақты шараларды қолға алуға тиіс. Бұл бағытта ағартушылық жұмыстармен ғана шектелуге болмайды. Кез келген азамат табиғатта емін-еркін демалуы үшін барлық жағдай жасалуы қажет. Турист қай жерге тұрақтан, қай жерде от жағуға рұқсат етілгенін білуі керек. Сондықтан демалыс орындарында осындай лайықты инфрақұрылым болуы қажет. Бұл мәселемен әкімдіктер айналысуға тиіс» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар жиында Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев, Көлік министрі Марат Қарабаев, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Ермек Көшербаев, «Ассо» қонақүйлер желісінің ТМД бойынша бас директоры Алексис Деларофф, «Orient Finance Group» компаниясының акционері Руслан Шакин, «PANA Group» компаниясының тең құрылтайшысы Нұржан Ниязалиев, «SkyWayTravel» туристік компаниясының директоры Әсем Қозбағарова сөз сөйледі.

## КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАР ҚҰРЫЛАДЫ

Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары бірлескен отырыс өткізді. Онда «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заң жобасы бірінші оқылымда қаралды және мақұлданды. Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары ел Президентінің сот төрелігін іске асыру сапасын қамтамасыз ету және судьялардың біліктілігін арттыру жөніндегі тапсырмасын іске асыру аясында заң жобасына бастамашылық жасаған болатын.

Конституциялық заңның мақсаты – тиісті заңнамалық тетіктерді әзірлеу, құқықтың үстемдігін қамтамасыз ету және сот төрелігін жүзеге асыру сапасын арттыру, сондай-ақ сот қорғауына құқықты іске асырудың құқықтық кепілдіктерін күшейту арқылы сот жүйесін одан әрі жетілдіру.

Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары жөніндегі комитетінің төрағасы Нұрлан Бекназаров өз баяндамасында құжат сот жюриінің жұмысын жетілдіруге және сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияны қайта қалыптастыруға бағытталғанын атап өтті. Атап айтқанда, сот ісін қарау кезінде заңдылықты өрескел бұзудың әрбір фактісі бойынша судьяға қатысты тәртіптік іс материалдарын тексеруде сот жюриіне жаңа тетік енгізу ұсынылады, бұл судьялар тарапынан заң бұзушылықтарға неғұрлым тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді. Судьяның кәсіби қызметін бағалау алғашқы қолданған нормаларда көзделгендей 1 жыл



емес, 3 жыл жұмыс нәтижесі бойынша жүргізу ұсынылды.

«Бірқатар түзетулер судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан олардың құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктерін күшейтуге бағытталған. Атап айтқанда, қолданыстағы заң судьяға сот жюриіне жіберілгенге дейін барлық материалдармен танысу, сондай-ақ тәртіптік істі қарауға немесе өкіл арқылы жеке қатысу құқығын беретін нормалармен толықтырылады. Ұсынылған нормалар Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындауға және елімізде жүргізіліп жатқан ауқымды

құқықтық реформаларды тиімді іске асыруға бағытталған» деді сенатор Нұрлан Бекназаров.

Депутаттар Конституциялық заң жобасын екінші оқылымға дайындау үшін Парламент Палаталарының бірлескен комиссиясын құру туралы шешім қабылдады. Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы Снежанна Имашева басқаратын комиссияның құрамына сенаторлар Нұрлан Бекназаров, Андрей Лукин, Айнұр Арғынбекова, сондай-ақ Мәжіліс депутаттары Абзал Құспан мен Үнзила Шапақ енді.

## ЖАЗҒЫ ЛАГЕРДЕ ҚАНША БАЛА ДЕМАЛАДЫ?

Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенованың төрағалығымен өткен кеңесте балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мәселелері қаралды. Оған мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері мен облыс әкімдерінің орынбасарлары қатысты.

Жазғы лагерлердің жұмысы туралы Оқу-ағарту министрінің орынбасары Еділ Оспан баяндады. Демалыс маусымы басталғалы бері елімізде түрлі формадағы 10208 лагерде 1,7 млн-нан аса бала демалыспен қамтылған. Белсенді жазғы демалыс ұйымдастыруда балалардың қауіпсіздігіне ерекше мән беріліп отыр. Оқушыларды сауықтыру нысандарына жібермес бұрын санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мамандары жіті тексеру жүргізген. Денсаулық сақтау министрінің орынбасары Айжан

Есмағамбетова лагерлердің санитарлық жағдайы тұрақты бақылауда екенін жеткізді.

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша өңірлерде тақырыптық жоспарлар құрылған. Оның аясында лагерлердегі бағдарламалардан бөлек, танымдық іс-шаралар да қарастырылған болатын. Осы ретте балаларды тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік мәселесі туындайды. Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеха бұған қатысты ақпаратты полиция бөлімдеріне алдын ала хабарлау қажеттігін

еске салды. Мұндай жағдайда патрульдік машиналар бірге шығып, жолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

«Балалардың жазғы белсенді демалысы мәселесі тұрақты бақылауда болуы қажет. Демалыс кезеңі мейлінше пайдалы өтуі үшін оқушыларға барлық жағдай жасалуы керек. Бұл ретте мүдделі мемлекеттік органдардың бірлесуі қызмет атқаруы маңызды. Аталған жұмысты үйлестіру Оқу-ағарту министрлігінің қолында» деп атап өтті Тамара Дүйсенова.

## «ҰЛЫТАУ» АЛЛЕЯСЫН АРАЛАДЫ

Елордалық мәслихат депутаттары «Ұлытау» аллеясына барып, Сарыбұлақ және Ақбұлақ өзендерінің жағасында болып, Херсоновка ауылындағы тәлімбақтың жұмысымен танысты. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.



«Депутаттарға Ақбұлақ және Сарыбұлақ өзендерінің арналары бойынша атқарылған жұмысты, даңғылдың бульвар бөлігін жөндеуді, тротуарларды,

веложолдарды жайластыруды және Германиядан әкелінген биіктігі 6 метр 952 ірі көлемді линдераны қоса алғанда, әртүрлі жасыл желекті отырғызуды

қамтитын Мәңгілік ел даңғылын қайта құру тұжырымдамасы ұсынылды. Сарыбұлақ өзенінің арнасын қайта жаңарту Н.Тілендиев даңғылынан Теміржолға дейін өтеді. Учаскенің жалпы ауданы – 8,25 га, ұзындығы – 2571 метр. «Астана Зеленстрой» ЖШС тәлімбағының ауданы 349,5 га құрайды, мұнда 312092 көшет мөлшерінде өсімдіктердің 45 түрі өседі. Елордада Германиядан әкелінген ірі көлемді, көпжылдық сәндік бұталарды қоса алғанда, 1,1 млн-нан астам жасыл желек отырғызу жоспарлануда (қала ішінде – 889 мың, «жасыл белдеуде» – 200 мың)» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек ерекше балалар және олардың ата-аналарымен кездесті. Бұл туралы қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

## 20 ИНКЛЮЗИЯ КАБИНЕТИ АШЫЛАДЫ

«Ерекше балалар және олардың ата-аналарымен кездесуде түйткілді мәселелерді, оның ішінде кеңестің жаңа міндеттерін бірлесіп талқыладық. Қоғамдық кеңес жұмыс істеген бір жылда «Болашақ» корпоративтік қорымен бірлесіп, балабақшаларда инклюзияны қолдауға арналған 11 кабинет аштық, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін 150-ге жуық маман оқыттық. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар 100-ден астам бала үшін спорт түрлері бойынша спорт секциялары мен топтарына бару жұмысы ұйымдастырылды. Сонымен қатар әлеуметтену және одан әрі жұмысқа орналасу үшін колледждерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды кәсіптік оқыту қанатқатты жоба ретінде іске қосылды» деп жазды Жеңіс Қасымбек.

Қала әкімі, сондай-ақ қоғамдық тамақтану және сервис колледжі базасындағы оқу-өндірістік комбинатына барған сапары туралы жазды. Жобаның

алғашқы іске қосылуына 35 жасөспірім қатысады. Олар «Тігін өндірісі және киімді модельдеу», «Тамақтандыруды ұйымдастыру – аспаз», «Тамақтандыруды ұйымдастыру – кондитер» және «Сәндік-қолданбалы өнер» бағыттары бойынша білім алады. Оқыту қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі мен бизнес, менеджмент және білім беру колледжі базаларында өтеді. Құрстардың ұзақтығы – 4 ай.

Оқу аяқталғаннан кейін курсты бітіргені туралы мемлекеттік үлгідегі куәлік беріледі.

«Биыл балабақшаларда инклюзияны қолдауға арналған 20-дан астам кабинет ашуды, қоғамдық тамақтандыру және қызмет көрсету колледжінің жанынан ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған «Кондитер» және «Тігінші» арнайы топтарын іске қосуды жоспарлап отырмыз» деді Жеңіс Қасымбек.



## ҮКІМЕТ ТҰЖЫРЫМДАМА ӘЗІРЛЕЙДІ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 6 сәуір мен 11 мамыр аралығында су тасқыны болмаған өңірлерде «Таза Қазақстан» республикалық экология акциясы өтті. Аталған бастаманы қолдау мақсатында апта сайын «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ» және «Мөлдір бұлақ» атты іс-шаралар ұйымдастырылып, елді мекендердің аумақтарын көгалдандыру, санитариялық тазалау және абаттандыру жұмысы жүргізілді.

Жергілікті атқарушы органдардың мәліметтері бойынша акцияға 2,4 миллионға жуық адам, соның ішінде еріктілер, қоғам қайраткерлері, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері мен кәсіпкерлер қатысты. Жүздеген мың аула мен 20 мыңнан астам әлеуметтік нысанның аумағы тазартылды, 900 мың тоннадан астам қоқыс шығарылды, шамамен 2,5 миллион көшет отырғызылды. 4,6 мыңнан астам қоғамдық орындар, саябақтар, шағын бақтар абаттандырылды. Шамамен 300 мың шаршы метр көше-жол жабыны (плитка,

кеспе тас және т. б.) жөндеуді және ауыстырылды. 5 мыңнан астам тарихи-мәдени нысан және 758 субұрпақ ретке келтірілді.

Сонымен қатар өзендер мен көлдердің және басқа да су айдындарының айналасындағы 5,8 миллион шаршы метрден астам аумақ, 8,4 миллион метрден астам арық тазартылды. Аталған іс-шараға 40 мыңнан астам арнайы техника тартылды. Сонымен қатар су деңгейі төмендеп, қауіп-қатердің азаюына байланысты су тасқыны болған өңірлердің

әкімдіктері биылғы маусым айынан бастап республикалық экология акциясына қосылды. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасып жатыр.

Қазіргі уақытта Президенттің тапсырмасына сәйкес Үкімет халық арасында экологиялық мәдениетті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын әзірлеуге кірісті. Құжат биылғы 1 қыркүйекке дейін дайындалады. Бекітілген тұжырымдаманы жүзеге асыру үшін әкімдіктер алдағы 5 жылға арналған тиісті өңірлік жоспар қабылдайды.

## ҮЗДІК ДӘРІГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Астананың мемлекеттік денсаулық сақтау секторында 12 мыңға жуық медицина қызметкері жұмыс істейді, оның ішінде 3,5 мыңға жуық дәрігер, 6 мыңнан астам орта медицина қызметкері және 2 мың кіші медицина қызметкері жүйелі еңбек етуде. Елорда тұрғындары мен қонақтары қаланың 11 медициналық ұйымында стационарлық ем, 44 МСАК ұйымында амбулаториялық ем алады. Жақында Amanat партиясының астаналық филиалында елорданың үздік медицина қызметкерлеріне құрмет көрсетілді. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«2023 жылы дәрігерлер тапшылығы мәселесін шешу үшін, оның ішінде аса тапшы мамандықтар бойынша елордалық мәслихат жергілікті бюджеттен 131 резидентура грантын бөлуге қаражат бөлуді қолдады, ал биыл 300 орындық жатақхана мен 530 пәтерлік медицина қызметкерлері үшін жалға берілетін тұрғын үйді аяқтау жоспарланып

отырғанын атап өттім. Медицина мекемелерін жөндеу мен салуды, медициналық жабдықтар сатып алуды, жалақыны көтеруді және тағы басқаларды қамтитын елордалық медицинаны дамытудың кешенді жоспарын іске асыру туралы айтып бердім» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.



№71 (4659) 15/06/2024 Сенбі

Дүниежүзілік нашақорлыққа қарсы күрес күніне орай Астана қаласындағы Махамбет Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайында «Астана – есірткісіз қала» бағытында іс-шара ұйымдастырылды.

## ЕСІРТКІСІЗ ҚАЛА ҚАДАМЫ



Акционы Сарыарқа ауданы әкімдігінің аппараты, жергілікті полиция қызметі басқармасы, мәслихат депутаты Давид Лория, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы волонтерлері Астана қаласы ПД есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасымен бірлесіп өткізді. Іс-шара барысында ғимараттар қабырғасындағы есірткі сату туралы мәлімет бар жазулар өшірілді.

Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бастығы Рустам Ғазизов нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес мәселелері қоғамның тұрақты дамуының шарттарының бірі әрі оған қарсы іс-қимылда елордалық полициялардың жү-

мысы ерекше маңызға ие екенін атап өтті.

– Полиция департаменті интернет-ресурстар арқылы байланысты жететін есірткінің өткізу фактілерін, жеткізу арналарын, оның ішінде синтетикалық түрлерін анықтауға ерекше назар

аударды. Жыл басынан бері, бес айдың қорытындысы бойынша Полиция департаментінің бөлімшелері 528 қылмыстық-құқық бұзушылық ісін қозғады. Оның ішінде 173 қылмыстық іс болса, оның 132-сі есірткі сатумен айналысатын адамдарға қатысты. Сонымен қатар заңсыз айналымнан 62 келі түрлі есірткі затты тәркіленіп, 2022-2024 жылдар кезеңінде елорда аумағында 9 нарколаборатория қызметінің жолы кесілді, – деді полиция өкілі.

Бас қала аумағында есірткінің синтетикалық түрлерімен байланысты құқық бұзушылықтың 206 фактісі анықталған. Алайда қала тұрғындары белсенділігінің арқасында 50 есірткі сайты бұғатталған және оны сататын интернет-дүкендердің жарнамасы бар граффити жойылған.

Шапағат ӘБДІР




## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘРМЕНКЕСІ ӨТЕДІ

Бүгін сағат 11:00-ден 21:00-ге дейін елорданың орталық саябағында «Астана мүгедек балалар қоғамы» қоғамдық бірлестігін қолдау мақсатында Garage sale қайырымдылық жәрменкесі өтеді.

Garage sale қайырымдылық жәрменкесі «Астана қаласының мүгедек балалар қоғамы» ҚБ балаларды сауықтыру үшін маңызды препараттар мен аппараттарды сатып алуға көмектеседі.

Ұйымдастырушылардың ақпараты бойынша Orda Invest компаниясының қатысуымен өтетін іс-шара көмек, қолдау және мейірім мәдениетін тәрбиелеу, адамдарды біріктіру мақсатында өтеді.

Биыл еріктілер құны 2 миллион теңгеге жуық тұратын «UTS Говорун PRO2» лого айнасын сатып алуға ақша жинайды. Құрылғы сөйлеу мәнерінің дамуы тежелген балаларды емдеу үшін қажет.



Іс-шарада қолөнершілерден басқа қала тұрғындарының көңіл көтеруіне арналған шоу-бағдарлама, би баттлдары, табиғи музыка, конкурстар

мен ойындар ұсынылады. Сондай-ақ қайырымдылық лотереясы өтеді, онда сыйбағдарлама, би баттлдары, табиғи музыка, конкурстар алуға болады.

### Ардақты ақ халатты абзал жандар!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Медицина қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын! Адам өмірін ұзартуға септігін тигізіп, ажалдан арашалаушы дәрігер мамандығын халқымыз ежелден қастерлеп, құрметтеген. «Қарттарым, аман-сау жүрші» деп бар күш-жігеріңізді қарияларға арнаңыздар. Төл мерекелеріңізбен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілей отырып, кәсіби біліктіліктің арқасында биік асулардан көріне беріңіздер деген тілегімді білдіремін.

Сансызбай ЕСЛІОВ,  
Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы

### Астана қаласы тұрғындарының және қалалық мәслихаттың сегізінші сайланымы депутаттарының назарына!

2024 жылғы 19 маусым сағат 11:00-де қалалық мәслихаттың мәжіліс залында Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:

1. Астана қаласының 2023 жылғы бюджетінің атқарылуы туралы есебін бекіту туралы.
2. Астана қаласында құрылған жаңа ауданға атау беру туралы.
3. Астана қаласының әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы.
4. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.

Анықтама телефоны: 55-66-36.

Е.КАНАЛИМОВ,  
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

## ЕРЕКШЕ ЭТНОЛАГЕРЬ

Астана қаласы әкімдігінің Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясындағы «Мирас» этнолагерінің бірінші кезеңі аяқталды. Аталған этнолагерде 70-ке таяу бала өз демалысын өткізген.

Астана қаласы Білім басқармасының мәліметінше, Биыл қалалық білім беру ұйымдарының базасында мектеп жанындағы 97 лагерь, оқушылар қызыққан әртүрлі бағыт бойынша 75 бейіндік лагерь ашылған. Олар балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру сауықтыру және жұмыспен қамту секілді екі бағыт бойынша жұмыс жүргізеді. Сонымен қатар қазіргі таңда 20 мектепте киіз үй орнатылған этнолагер, 21 мектепте спорт лагері жұмыс істеп тұр.

3 маусымда өз жұмысын бастаған «Мирас» этнолагерінің артықшылығы балаларға ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, көшпенді халқымыздың тарихымен жақынырақ таныстырады. Балалар кешегі ата-бабамыздың тұрмыс-тіршілігі мен өмір сүру салтының қандай болғанын көзімен көріп, түйсіне алады.

– Лагерь ашылғалы бері бұл жерге келген балалар өз өнерін ортаға салып, бойындағы талантты сәу-



лелендіруде. Мұндағы басты мақсатымыз – балаларға өз елінің тарихын, оның өмір сүру салтын түсіндіру. Мысалы, ер балалар қамшы өру, асық ойнау, ағаштан түрлі қолөнер бұйымын жасаумен айналыса, қыз балалар жүн сабау, ұршық иіру, кесте тігу сияқты дүниелермен айналысады. Бізде келі тую, ошаққа от салу, тандыраға нан жабу, айран ұйыту, тамақ жасау сияқты неше түрлі сабақ өтеді, – дейді көркем еңбек пәнінің мұғалімі Ләззат Атығай.

Этнолагерде оқушылар

«Бірлік», «Достық», «Сұңқар» деген үш топқа бөлініп, бірі қолөнермен, енді бірі кітап оқумен айналыса, кейде киіз үйдің алдында барлығы бірігіп қара жорға билейді екен. Сондай-ақ ұстаздары оларға асық ату, алтыбақан тебу сияқты түрлі ұлттық баяуы қаңық ойындарды ойнатады. Этнолагердің «Мирас» деп аталуының мәні ата-бабадан бізге қалған ұлттық құндылықтардың мирас ретінде көрініп, оны кейінгі ұрпаққа жеткізу екенін айтады мұғалімдер.

Шапағат ӘБДІР

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМНІ КЕҢЕЙТТІ

Елорда мектептерінде «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экология акциясы аясында «Эко күн» фестивалі өтті.

Конкурстық бағытта ұйымдастырылған фестивалде оқушылар экология тақырыбында тапсырмаларды орындады. Мәселен, қаладағы №72 мектеп-лицейде Алматы ауданындағы 6 мектептің 5-6-сынып оқушылары өзара бақ сынасты. «Экология және жасыл әлем» тақырыбында өткен эхожиың екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде оқушылар экологиялық бағыттағы білімін шыңдаса, практикалық кезеңде туристік бағыттағы тапсырмаларды орындады.

Астана қаласы әкімдігі балалар мен жасөспірімдердің туризм және өлкетану орта-

лығы директорының міндетін атқарушы Аслан Кенжеғалиевтің айтуынша, мұндай жиын балалардың экологиялық дүниетанымына және шығармашылығына жақсы әсер етеді, қоршаған ортаны қорғау туралы көзқарасын қалыптастырады.

№72 мектеп-лицей директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жанар Көпбаеваның сөзінше, білім ордасында экологиялық бағытта әртүрлі іс-шара ұйымдастырылады. Атап айтқанда, оқушылар қалдықтарды сұрыптау, мектеп аумағын көгалдандыру жұмысына атсалысады. Мұнда

жыл сайын сәуір-мамыр айларында экологиялық айлық өткізу дәстүрге айналған. Әр аптаның тақырыптық атауы бекітілген. Мысалы «Тазару» апталығында оқушылармен бірге мектеп ауласын және тұрғын үйлердің аулаларын тазарту жұмысы жүргізіледі. Бұған қоса, оқу ордасында «Отбасымен бірге ағаш ек» атты апталық бар. Онда оқушылар өз отбасымен бірге мектеп ауласына ағаш отырғызады. Ал аталмыш фестивалге мектеп жанындағы лагерьге қатысып жүрген балалар қатысты. Биыл спорт лагеріне 100-ге жуық, ал профильді лагерьге 315 бала қатысып жатыр. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларына арналған «Балдырған» лагерінің бірінші кезеңінде 357 бала бар. Сондай-ақ балалар футбол және волейболдан тегін үйірмелерге қатысады.

Жарыс түрінде өткен шарада үздік нәтиже көрсеткен мектеп оқушыларына диплом мен медаль табысталып, тәтті сыйлықтар берілді.



## ДОНОР БОЛ ДА, ӨМІР СЫЙЛА!

Дүниежүзілік қан доноры күніне орай ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен, Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығының ұйымдастыруымен «MEGA Silk Way» сауда, ойын-сауық орталығының алаңында мерекелік концерт қойылды.

Іс-шараға Денсаулық сақтау министрлігінің өкілдері, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың басшылары, отандық эстрада жұлдыздары мен республикалық, халықаралық конкурстардың лауреаттары, блогерлер мен БАҚ өкілдері қатысты. Марапат иелерінің сыйлығын табыстап, сөз сөйлеген Есіл ауданының әкімі Дарменияр Қыдырбекұлы астаналықтарды мерекемен құттықтап, жақсылық жасаудан

шаршамауға шақырды. Аманат партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхамеджан Әбдіәшімұлы сөз сөйлеп, қатысушыларға өз алғысын жеткізді.

Ұзақ жыл бойы тұрақты түрде қан тапсырып келе жатқан құрметті донорлар да марапатталды. Атап айтар болсақ, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтау саласына қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен Мекке

Абдоллаев, Александр Никитин, Құрманғазы Көрпешов марапатталды. Өмірінде оннан астам, қырыққа таяу донорға жасаған Жанат Елубаев, Нұрлан Жаңабеков, Ұлан Диянов, Нұрсұлтан Қаженов, Арман Тұяқпаев, Андрей Пан, Аян Балташев сияқты азаматтарға елордалық қан орталығы мен қалалық мәслихат депутаты Нұрлан Мүслімнің атынан құрмет грамотасы және естелік сыйлықтар табысталды.

Индир  
БЕРЖАНОВА**ЖАҢА АВТОБУСТАРМЕН  
ТОЛЫҚТЫ**

Жолаушылар тасымалы қызметін оңтайландырып, жетілдіру және жақсарту ісімен Астана қаласы Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасына қарасты «City Transportation Systems» ЖШС айналысады. Мекеме тасымалдау қызметінің барлық аудандарға қатынауына, бағыттардың ұтымды ұйымдастырылуына мән беріп, автобус қозғалысының бірін-бірі қайталамауын қадағалайды. Бағыттардың түзу, діттеген жерге тез жеткізетіндей қысқа болуы көзделеді. Сонымен қатар тұрғын алаптары мен әлеуметтік нысандардың бәрінің көлік қатынасымен байланысып жатуы ескеріледі. Көлік ағысын реттеу, жолаушылар ағынын, қозғалыс кестелерін тиімді құру үшін халықтың талап-тілектерін зерделеумен бірге арнайы күрделі мамандандырылған бағдарламалар қолданылады. Елордада қоғамдық көлік тасымалымен айналысатын 6 автобус паркі бар, ондағы автобустың жалпы саны – 1469. Жолға күніне 1000-нан аса автобус шығады.

Жалпы қаладағы қоғамдық көлік 2015 жылдан бері Iveco Citelis, Iveco Urbanway, Iveco Crossway маркаларына жаңартылған. Олар ЕВРО-5, 6 стандартына сай келеді. 2020 жылдан экологияға зиянсыз Yutong маркалы электробустар алынды. Жеке автобус парктарымен 2022-2024 жылдары Higer, GOLDEN DRAGON маркалы автобустары алынды.

– Бүгінгі таңда автобустарды сатып алу қажеттілігі әлі де бар, өйткені жыл сайын халық саны 40-50 мың тұрғынға көбейеді, сонымен қатар жылда құрылыс жүргізіліп, қоғамдық көлікпен қызмет көрсету қажет жаңа ғимараттар пайдалануға беріледі. Бұл қолданыстағы маршруттарды ұзарту және жаңа маршруттарды іске қосу қажеттілігін тудырады, ал маршрутты ұзарту кезінде автобустардың жүру аралығы артады және бұған жол бермеу мақсатында автобустарды қосу қажет. Осы факторлардың барлығы қоғамдық көлік тапшылығын қалыптастырады. Тиісінше, тапшылық үнемі өзгеріп отырады. Сол себепті желіге тағы 300 автобус шығару жоспарланып отыр, – деді «City Transportation Systems» ЖШС баспасөз хатшысы Оксана Әубәкірова.

**ЖҮРГІЗУШІ  
НЕГЕ ТАПШЫ?**

Қаланың жолаушылар тасымалдау ісінде оңтайлы шешімін таппай келе жатқан мәселенің бірі – жұрт жаппай жұмысқа барып келетін таңертеңгі-кешкі қарбалас уақыттарда қоғамдық көліктердің шамадан тыс толып кетуі. Мұндай кездері бағыттарға қосымша көліктер жіберіп,



**ЕЛОРДАДА ҚОҒАМДЫҚ  
КӨЛІК ТАСЫМАЛЫМЕН АЙ-  
НАЛЫСАТЫН 6 АВТОБУС  
ПАРКІ БАР, ОНДАҒЫ АВТО-  
БУСТЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ  
– 1469. ЖОЛҒА КҮНІНЕ 1000-  
НАН АСА АВТОБУС ШЫҒАДЫ**

## ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІККЕ КӨҢІЛ ТОЛА МА?

Жолаушылар тасымалы қызметін жетілдіру – өзектілігін ешқашан жоғалтпай келе жатқан мәселелердің бірі. Астана секілді мегаполисте қым-қуыт қайнап жатқан қала өмірі түрлене түсіп, қалалықтар саны жыл сайын өсіп жатқанын ескерсек, қоғамдық тасымалдау ісіне өзгерістер ену керектігі сөзсіз. Ал бас қалада жолаушылар тасымалы сервисі қаншалықты жақсарып келеді? Елордада қатынайтын қоғамдық көлік саны жолаушылар нөпіріне толық жауап бере ала ма?

тығырықтан шығуға болар еді. Бірақ автобус жүргізушілерінің жетіспеушілігі салдарынан олай жасау мүмкін болмай отыр. Бұл туралы биыл қала әкімі Сарыарқа ауданында өткен жиын барысында айтқан еді. «14 жыл бұрын жүргізушілердің жалақысы қанша болғанын білесіз бе? Қазір олардың көлігімен қызмет көрсету қажет жаңа ғимараттар пайдалануға беріледі. Бұл қолданыстағы маршруттарды ұзарту және жаңа маршруттарды іске қосу қажеттілігін тудырады, ал маршрутты ұзарту кезінде автобустардың жүру аралығы артады және бұған жол бермеу мақсатында автобустарды қосу қажет. Осы факторлардың барлығы қоғамдық көлік тапшылығын қалыптастырады. Тиісінше, тапшылық үнемі өзгеріп отырады. Сол себепті желіге тағы 300 автобус шығару жоспарланып отыр, – деді «City Transportation Systems» ЖШС баспасөз хатшысы Оксана Әубәкірова.

Ал қоғамдық көлік тізгінін 10 жылдан аса басқарып келе жатқан елорданың №1 автобус паркінің жүргізушісі Дидар Молдабаев биыл жүргізушілердің жалақысы әлдеқайда артқанын айтады. – Кез келген адам қоғамдық көліктің жүргізушісі бола алмайды. Оларға қойылатын нақты біліктілік талаптары бар. Үміткерлер осы талаптарға сай болғанда ғана жұмысқа қабылданып, тәжірибесіне қарай тиісінше жалақысын алады. Оның үстіне жәрдемақы да беріледі. Десе де, бұл салаға жастардың өте сирек келетінін айта кету керек, – деді астаналық жүргізуші.

**ЖОЛАҚЫСЫН ТӨЛЕУДІҢ  
ЖАҢА ЖҮЙЕСІ**

Астана қаласындағы офлайн



форматындағы жолақысын төлеу жүйесі ескіргенін ескере келе, «City Transportation Systems» ЖШС былтырдан бастап жаңа төлем жүйесі енгізуде. Оффлайн форматында алдымен қолма-қол төлеп, кейін SMS, QR-код арқылы төлеуге ауысты. Көлік картасын толықтырсаңыз, бір тәулік күту керек болған. Қазір салынған ақша бірден көлік картасына түседі, төлем түрлері де көбейтілді. Банк картасымен, телефоныңызыбен болсын төлей бересіз, яғни Астана қаласының қоғамдық көлігіндегі жолақысын «Autobus» қосымшасының Bluetooth арнасы, автобустың бортық нөмірі, QR-код, көлік

және банк карталары, сондай-ақ NFC, Apple Pay, Samsung Pay арқылы төлеуге болады.

Қазіргі уақытта «Yu Station» терминалдарынан «Көлік әмиянының» теңгерімін лезде онлайн толтыру, сондай-ақ «Көлік әмиянының» балансын толтыру және жол жүру ақысын төлеуге тарифтерді сатып алу функциялары жүзеге асырылды. Аталмыш төлем жүйесі Kaspi.kz және Homebank банк қосымшалары арқылы жүзеге асады. Көлік карталарын лезде толықтыру үшін қалада 30 «Ю станция» терминалдары қосылды. Жолаушылардың ыңғайлығы үшін олардың саны

әлі де көбейтіледі.

Жолақысына келер болсақ, 2014 жылдан бері астанада қоғамдық көлікпен жүру құны – 90 теңге. Мамырда елорда әкімі Жеңіс Қасымбек Алматы ауданы тұрғындарымен кездесу барысында жақында жолақысы қымбаттайтынын жеткізген еді. Оған себеп – жолаушылар тасымалынан пайда түспейтіні және шығынның көптігі.

«Жолақысының тарифі 90 теңге болып, он жыл бұрын қабылданды. Өздеріңізге белгілі, осы уақыт ішінде бензиннің, газдың, дизельдің, жалпы жанармайдың бағасы өскен. Он жыл бұрын бұл көрсеткіш бұдан 2-3 есе төмен болған. Нақты айтқанда, бір жолаушыны тасымалдау үшін автобус парктарі 300 теңгеден бастап 500 теңгеге дейін жұмсайды. Арасында 300-400 теңгені жергілікті бюджеттен субсидия ретінде беріп отырмыз. Компания бір адамды тасымалдау үшін 300-400 теңге жұмсап отыр. Расында билеттің құны осындай. Жолаушы тасымалдау құны 3 есе төмен. Бірақ оны 110 теңгеге көтеруді сұрап отырмыз» деді қала әкімі.

**ЖОЛАУШЫЛАР  
ҚАУІПСІЗДІГІ –  
БАСТЫ НАЗАРДА**

Қоғамдық көліктің қызмет көрсету сапасын арттыру және жолаушылар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Астана қаласының қоғамдық көліктерін бейнебақылау және талдау жүйесі» жобасы іске қосылды. Жобаның қанатқақты кезеңі аясында қалалық бағыттағы автобустардың біріне заманауи бейнебақылау жүйелері орнатылып үлгерді. Жоба жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жолаушылар

тасымалының тарифтеріне мониторинг жүргізу арқылы қоғамдық көлік қызметінің тиімділігін арттыруға, кейіннен талдау үшін деректер жинауға және тасымалдау сапасы мен қоғамдық көлікке деген сенімді арттыруға бағытталған.

Қоғамдық көліктегі өрт қауіпсіздігі – ерекше назар аударуды қажет ететін маңызды тақырып. Кейбір аспектілерді қарастырсақ:

– Автобустың конструкциясы: автобустың конструкциясына

қойылатын талаптарға сәйкес оның санаты мен жолаушылар сыйымдылығына байланысты есіктердің, люктердің, жолаушылар орындықтарының және өту жолдарының саны, өлшемдері мен дизайны стандартталған. Бұл жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

– Өрт қауіпі: барлық талаптарға қарамастан, автобустар жоғары өрт қауіпімен сипатталады. Автобус салонында жанғыш сұйықтықтардың, жанар-жағармайы бар құбырлардың болуы, сондай-ақ әрлеу материалдарының жоғары түтін шығару қабілеті өрттің пайда болуы және тез таралуы ықтималдығын тудырады. Автобустарда 2 өрт сөндіргіш бар, олардың біреуі – жүргізуші салонында, екіншісі – жолаушылар салонында. Сондай-ақ автобустың салонында орнатылған «авариялық балға» – жолаушыларды тасымалдауға қажетті автобус жабдығы. Ол төтенше жағдайларда әйнекті сындыру үшін қолданылады. Мәселен, қалалық №4 автобус паркі эксперименталды түрде бірнеше автобуска пайда болған тілсіз жауды автоматты түрде сөндіретін ұнтақты өрт сөндіргіштер орнатты.

**Есіңізде болсын!**

Өрт анықталса, дереу оны сөндіру және автобустан адамдарды эвакуациялау шараларын қолдану қажет. Дүрбелеңге түспеңіз және жүргізуші нұсқауларын мұқият орындаңыз. Сондай-ақ Астанада көлік мамандарының біліктілігін жоғарлату орталығы бар. Жүргізушілер емтихан тапсырып, түрлі психологиялық курстардан өтеді. Өрт қауіпсіздігіне қатысты да сабақтар болады, соның ішінде зардап шеккен жолаушыларға алғашқы көмек көрсету курсынан өтеді. Қалалық Көліктік бақылау департаменті де жолақысын төлемеген адамдарды анықтаумен қатар, ауа баптағыштардың жұмысын тексереді, автобус паркінен шығарды, автобустың жарамдылығын тағы бір қадағалайды.

## ЭКОАКЦИЯ АЯСЫНДА

«Таза Қазақстан. Астана – тәртіп пен тазалықтың үлгісі» ауқымды экология акциясы аясында Астана маңында Астрахан тас жолы бойында Аманат партиясының қалалық филиалы қала әкімдігімен бірлесіп кезекті «Таза бейсенбі» шарасын өткізді.

Қоқыс жинау таңертең ерте басталды. Акцияға Аманат партиясы Орталық аппаратының өкілдері, қоғам қайраткерлері, «Жастар рухы» жастар ұйымының еріктілері, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің оқытушылары, ғылым қайраткерлері мен студенттер және Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының қызметкерлері, жалпы саны 400-ден астам адам қатысты. Олар бірнеше

жүз қап қоқыс жинады.

– Алдын ала біз Астана маңындағы елді мекендердің ластанған аумақтарының карталарын жасадық, олардың негізінде елорда маңында да, қаланың өзінде де ең ластанған 15 учаске анықталды. Бұл – жол бойындағы аумақтар, өндірістік аймақтар, тұрғын аудандар, әлеуметтік нысандар және басқалар. Партиялықтар әр бейсенбіде осындай тазалықты өткізуге ниетті. Бұл ретте, бұл жай ғана қоқысты жи-

нау туралы ғана емес, әрбір учаскеге мәслихат депутаттары, белсенділер мен бастауыш партия ұйымдарының басшылары бекітілген. Олар бекітілген аумақтарда тәртіп пен тазалықты сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ урналарды орнату, көгалдандыру, жолдар мен тротуарларды жөндеу сияқты инфрақұрылымды абаттандыру мен дамытуға байланысты мәселелерді шешеді, – деді Аманат партиясының Астана филиалының баспасөз хатшысы Сұлтан Мұстафин.

Ауқымды экоакция аясында қаланы санитарлық тазарту, нөсер және арық каналына асыны, көшелерді, тротуарларды, орамшілік аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды тазалау жұмыстары жүргізілуде.





# ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ НЫСАНДАРЫНЫҢ САНЫ ДА, САПАСЫ ДА АРТУ КЕРЕК

Елорданың денсаулық сақтау саласы – күрделі, жауапкершілігі орасан зор сала. Астанада жыл сайын тұрғындар саны артып келе жатқандықтан, қолданыстағы медицина ұйымдарына түсетін жүктеме де тым көп. Мереке қарсаңында Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия РҮСТЕМОВАМЕН әңгімелескен едік.

– Әлия Шайзадақызы, қазіргі таңда елордалық қоғамдық денсаулық сақтау саласында қандай мәселелер тұр?

– Астаналықтардың саны артқан сайын емханалар мен стационарлардың жүктемесі шамадан тыс көбейеді. Жыл сайын қала халқының саны туу және басқа аймақтардан қоныс аударушылар есебінен 60-70 мың адамға көбейеді. Әрине, қолданыстағы денсаулық сақтау инфрақұрылымы жеткіліксіз. Мысалы, соңғы нысан қалада 2015 жылы пайдалануға берілді. Сондықтан басты міндеттің бірі – жаңадан денсаулық сақтау нысандарын ашу. Осы мәселелер бойынша бізде бекітілген жобалар бар. Бүгінде қаламызда емханалар да, стационарлар да жеткіліксіз. 2027 жылға дейін жағдайды жақсарту үшін 11 денсаулық сақтау нысанын, оның ішінде 2 перинаталдық орталық, 2 жаңа заманауи көпсалалы аурухана, оның ішінде балалар ауруханасын, 2 мемлекеттік және 5 жеке емхана ашуды жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар медицина мекемелеріндегі материалдық-техникалық базаны үнемі жаңартып, күрделі жөндеу жұмысын жүргізу қажеттілігі туындайды. Мәселен, 2023 жылы 16 медицина мекемесінде күрделі жөндеу жұмысы жүргізіліп, аяқталды. 2020 жылдан бастап біз алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдары үшін жабдықтарды мақсатты түрде сатып алдық, 2023 жылдан бастап біздің стационарлар үшін медициналық техниканы сатып алу басталды. Осы уақыт ішінде қалалық медицина ұйымдары үшін барлығы 4 мыңнан астам медициналық техника сатып алынды. Мұндай жаңа технологиялар мен тәсілдерді енгізу процесі оңтайландыруға және медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруды көздейді. Негізгі бағыттарға цифрлық технологияларды дамыту, медицина инфрақұрылымын жаңғырту, ғылыми зерттеулерді қолдау және медицина мамандарының біліктілігін арттыру кіреді. Мысалы, №2 қалалық көпбейінді ауруханада бүгінде госпитальдық фармация бөлімшесі жұмыс істейді, бұл – дәрілер мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды басқарудың заманауи тәсілі. Мұнда берілетін дәрі-дәрмектердің саны автоматты түрде бақыланады. Бұл бөлімнің бірегейлігі де сол, науқастың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және дәрі-дәрмек шығынын үнемдейді. Болашақта бұл жоба басқа қалалық ауруханаларда да іске қосылады деп күтілуде.

– Денсаулық сақтау жүйесінің қазіргі құрылымы қандай?

– Басқармаға қарасты 32 медицина ұйымы, оның ішінде 15 алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымы, 4363 орынды 11 стационар, жедел жәрдем станциясы және жоғары медицина колледжі, арнайы медициналық жабдықтау базасы, мамандандырылған балалар үйі, патология-анатомия бюросы, АИТВ-инфекциясының алдын алу

– Қалада амбулатория-емхана қызметінің жағдайы қандай?

– Бүгінгі таңда амбулаториялық көмекті шамамен 1,5 млн адамға қызмет көрсететін 47 емхана көрсетеді. Өткен жылы емханаларға келушілер саны шамамен 10,5 млн болған. Бұл жүктеменің көптігін көрсетеді. Астананың бас жоспарына сәйкес, 2035 жылға қарай болжамды халық саны 2,3 миллион тұрғынды құрайды. Мұ-

қызметтерді ғана емес, сонымен қатар өте қымбат қызметтерді тегін ала алады. Мысалы, жүйе шеңберіндегі әйелдер экстракорпоральды ұрықтандыру процедурасынан өтуі мүмкін.

МӘМС жүйесіне қатысты қала тұрғындарының көптеген шағымына жауап ретінде Денсаулық сақтау министрлігі жүйені жақсарту және жаңа әдістерді енгізу бойынша жұмыс жүргізуде. Бұған міндетті медициналық сақтандыру қорының қаражатын басқарудың ашықтығы мен тиімділігін арттыру, көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын жақсарту және халықтың медициналық көмекке қолжетімділігін кеңейту кіреді. Сондай-ақ әртүрлі өзгеріс біртіндеп енуде, дәрігерлер жүктемесінің бір бөлігі медбикелерге ауыстырылды, олардың функцияларын кеңейтті, 9 бағыт бойынша салалық мамандарға жазылу үшін терапевтке міндетті түрде баруды тоқтатты, онкология ауруларына күдік туындаған жағдайда, науқастар үшін «жасыл дәліз» енгізілді. Мұның бәрі халықтың қолжетімділігі және көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын жақсарту үшін жасалуда.

## 1,5 МЛРД ТЕҢГЕГЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨРСЕТТІ

– Қала тұрғындарын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жағдайы қалай? Емханаларда тегін дәрі алуға болатын аурулардың тізімі кеңейе ме?

– Өткен жылы 150 мыңнан астам адам тегін дәрі алды. Бұдан басқа, жергілікті бюджет қаражатынан сирек, орфандық аурулары бар пациенттер



орталығы бар. Сондай-ақ қалада 2153 орынға арналған 7 республикалық және ведомстволық аурухана, 29 алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін жекеменшік ұйым бар.

## АСТАНАЛЫҚТАРДЫҢ ОРТАША ЖАСЫ – 78

– Астанада өмір сүру ұзақтығы еліміз бойынша ең жоғары көрсеткішке ие екені белгілі. Ал өлім-жітім, ауру-сырқау азайды ма?

– Қабылданып жатқан шаралардың арқасында елордада негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштер жақсаруда. Бұл біздің жұмысымыздың негізгі жетістігі мен көрсеткіші десем болады. 2023 жылы өмір сүру ұзақтығының көрсеткіші 78,09 жылды құрап, республикалық көрсеткіштен 3 жылға асып түсті. Сондай-ақ өткен жылы жалпы өлім-жітім 4,5 пайызға, оның ішінде қатерлі ісік аурулары 4,4 пайызға, қан айналымы жүйесінің аурулары 43,2 пайызға, жарақат, жазатайым оқиғалар және улану 25 пайызға төмендегені байқалды.

ның бәрі толыққанды медициналық көмекке, соның ішінде маятниктік көші-қон есебінен үлкен сұраныс тудырады. Осы проблеманы ескере отырып, 2027 жылға дейін 7 емхана салу жоспарлануда, оның ішінде екеуі – мемлекеттік емхана.


– «Үйдегі дәрігер» жобасы өзін ақтады ма? Неліктен жобаны жүзеге асыру одан әрі жалғаспады, не кедергі болды?

– «Үйдегі дәрігер» жобасы өзін ақтамады, оны жүзеге асыруда бірқатар мәселе болды. Тиімсіздігіне байланысты жоба одан әрі дамымады. Мемлекеттік нормативке сәйкес, бұл – 5 мыңнан аспайтын елді мекенде құрылатын және бір-үш дәрігер мен екі медбикеден тұратын дәрігерлік амбулатория. Мұндай амбулатория аясында толыққанды көмек көрсету мүмкін емес. Ол барлық медициналық жабдықпен жабдықталмайды. Әрі қарай тексерілу үшін науқас салалық маманға жүгінуі керек. Адам емханаға келгеннен кейін учаскелік дәрігерден бастап бейінді маманға дейін барлық медициналық көмекті бір жерден алғысы келеді, оны амбулаторияда алу мүмкін емес. Осы себепті соңғы жылдары қала тұрғындарының шағымы өте көп болды.

## МӘМС АЯСЫНДА ҚЫМБАТ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТЕГІН АЛАДЫ

– Соңғы кезде МӘМС жүйесіне қатысты қала тұрғындарынан шағым көп. Жүйеге жаңа өзгерістер ене ме?

– Бізде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап жұмыс істей бастады. Айта кету керек, ол АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Германия және тағы басқа көптеген елде қолданылады. Өйткені ол халық үшін медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға ықпал етеді. Көбінесе міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің көмегімен азаматтар қарапайым медициналық



үшін дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сатып алу үшін қаржы бөлінеді. 2023 жылы 39 нозология бойынша 400 науқас қамтамасыз етілді.

Биыл мәслихат шешіміне сүт безі обыры, өкпе обыры, идиопатиялық артрит, эпилепсия, склероз, спастикалық церебралды сал ауруы, Вилла ауруы сияқты 11 нозология бойынша қосымша 15 дәрілік препарат атауы енгізілді. 1,5 жыл ішінде «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Астана қаласының 33 емделушісіне жалпы сомасы 1,5 млрд теңгеге қайырымдылық көмек көрсетті.

## МАМАНДАРДЫ ОҚЫТУ ТОҚТАМАЙДЫ

– Медицина ұйымдарында кадр мәселесі қалай шешілуде? Қызмет-

керлер үшін тұрғын үй жағдайын жақсарту қарастырылған ба?

– Басқармаға бағынысты медицина ұйымдарында шамамен 12 мың медицина қызметкері жұмыс істейді, оның ішінде 3,5 мыңға жуығы – дәрігер және 6 мыңнан астамы – орта медицина қызметкері. Бүгінгі таңда дәрігерлік кадрлардың тапшылығы 72 тұлғаны құрайды, негізінен, бұл – учаскелік дәрігерлер.

Біз қызметкерлерімізге барлық жағынан қолдау көрсетеміз және оларға жұмыс істеу үшін барлық жағдай жасаймыз. Дәрігердің қажеттілігін қамтамасыз ету үшін, оның ішінде тапшы мамандықтар бойынша 2023 жылы жергілікті бюджет есебінен 131 резидентура гранты бөлінді. Бүгінгі таңда 22 мамандық бойынша 96 резидент оқиды.

Соңғы 3 жылда Израиль, Түркия, Ресей, Германия, Литва сияқты елдерде 150-ге жуық маман оқытылды. Олардың ішінде хирургтар, гинекологтар, педиатрлар, травматологтар, ревматологтар, анестезиолог-реаниматологтар, реабилитологтар және басқалар бар. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, медицина қызметкерлерінің табысын арттыру мақсатында 2023 жылы дәрігерлердің орташа жалақысы 30 пайызға, орта медицина қызметкерлерінің орташа жалақысы 20 пайызға ұлғайды.

Тұрғын үй мәселесіне келсек, әкімдік жергілікті атқарушы органдарда есепте тұрған жұмыс істейтін жастарға жалға берілетін тұрғын үйге және сатып алу құқығынсыз тұрғын үйге мұқтаж ретінде «Шаңырақ» бағдарламасын іске асырады. Елорда жастарын тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша қосымша 35 жасқа дейінгі мамандарға жеңілдікпен несие беруді көздейтін «Елорда жастары» бағдарламасы бекітілді.

– Басқарманың бюджеті туралы айтып берсеңіз. Басымдық қандай бағыттарға беріледі?

– 2024 жылы бюджет 19,3 млрд теңгені құрайды. Бюджеттің негізгі үлесін медицина ұйымдарының күрделі шығыны алады. Бұл қаражат денсаулық сақтау объектілерін күрделі жөндеуге және медицина ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға бағытталған. Бюджеттің едәуір бөлігі халыққа иммунопрофилактика жүргізу үшін вакциналар мен басқа да медициналық иммунобиологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алуға және сақтауға, сондай-ақ сирек кездесетін аурулары бар халықтың жекелеген санаттары үшін дәрілік препараттарды сатып алуға көзделген.

Әлемнің жетекші клиникаларында оқытуды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қо-



## ЖАТЫР МОЙНЫ ОБЫРЫ «ЖАСАРЫП» БАРАДЫ

Елімізде жыл сайын екі мыңға жуық әйелден жатыр мойны обыры анықталса, 600 әйел көз жұмады екен. Бұл дерт әйелдерде көп кездесетін онкология ауруларының үштігіне кіреді. Мамандар соңғы кезде аурудың «жасарып» бара жатқанын айтады. Қатерлі ауру қайдан пайда болады? Алдын алу үшін не істеу керек? Әйел өз денсаулығына қаншалықты жауапты? Осы жөнінде елордалық жоғары санатты гинеколог-дәрігер Әсел НҰРҒАЛИЕВАМЕН әңгімелескен едік.



– Бұл дертке адам ағзасындағы папиллома вирусы себепкер деп жатады. Жалпы жатыр мойны обырының алғашқы белгілері қандай?

– Жатыр мойны обыры – кең таралған ауру. Көбіне оған 45-50 жастағы әйелдер шалдығады. Бірақ соңғы кезде тұрмысқа шықпаған қыздарда да кездесетіні анықталып жатыр. Алғашқы белгілерінен бұрын пайда болу себептеріне назар аударған жөн. Темекі шегу, бей-берекет төсек қатынасы, иммундық жүйенің төмендеуі, жыныстық жолмен жұғатын түрлі инфекция, жүктілікке қарсы дәрі-дәрмекті көп уақыт қабылдау, ерте жастан бала көтеру және тағы басқа себептері бар. Егер әйелдерде менструалды кезеңнен тыс уақытта қан кетсе, жатыр мойны обырының негізгі белгісі болуы мүмкін. Сонымен қатар іштің төменгі жағының ауыруы, салмақ жоғалту, шаршаңқылық және кейде зәрде қанның пайда болуы да кездеседі. Егер осы белгілердің бірі байқалса, тез арада дәрігерге көрінген жөн. Өйткені ауру төрт сатыда жылдам дамиды. Бастапқыда жатырға жақын орналасқан лимфа түйіндеріне қарай таралуы мүмкін. Екінші сатысында қынаптың жоғарғы жағына қарай өседі. Одан кейін жамбас қабырғаларын зақымдап, зәр шығару жолын бұзғанда мүмкін. Ал төртінші сатыда тік ішекке немесе қуыққа алыс орналасқан органдарға жетеді.

– Аурудың алдын алу үшін не істеу керек?

– Әрине, ең алдымен, гинеколог дәрігердің профилактикалық тексеруі маңызды дер едім. Егер

әйел тұрақты тексерілуге барып тұрса, ауруды ерте сатысында анықтауға болады. Үнемі бақылау патологиялық аурулардың алдын алады. Жылына бір рет түгілі, бала туғаннан кейін мүлдем көрінбейтін, денсаулығына салғырт қарайтындар бар. Одан кейін жыныстық серіктестерді ауыстыра беруге болмайды.

Қазір көптеген елде ауруды ерте анықтауға мүмкіндік беретін цитология әдісі қолданылады. Жылына бір рет осындай тексеруден өтетін әйелдер өзгерістің алдын алады. Сонымен қатар әйелдердің барлығы АПВ-тест тапсыруы керек. Бұл – ең тиімді диагностика.

– Қазіргі кезде мұндай ауруға шалдыққан науқастарды қалай емдейді?

– Жатыр мойны обыры ауруына шалдыққандарды үш әдіспен емдейді. Хирургиялық, сәулелік терапия және химиотерапия. Біріншісі – кең таралған әдіс.

Химиотерапиялық әдісте обырды азайту немесе көзін жоюға арналған арнайы дәрі-дәрмек қолданылады. Ал сәулелік терапияда обыр жасушаларын жоқ қылу үшін жоғары энергетикалық сәулелер қолданылады.

– Вакцинация туралы не айтасыз?

– Жаңа профилактикалық процедураларға адамның папиллома вирусына қарсы вакцинация кіреді. Әлемде мұның тиімділігі дәлелденіп отыр. Вакцина Қазақстанға да келді. Оны 11 жасан 26 жасқа дейінгі барлық әйел ала алады. Биыл жаңа оқу жылынан бастап ата-ана келісімі бойынша 11 жастағы жасөспірім қыздарға жатыр мойны обырына қарсы вакцинациялау жұмысы жүргізіледі. Сонымен қатар төрт жыл сайын жүргізілетін ерте анықтауға арналған міндетті онкоскринингтен 30 жасан 70 жасқа дейінгі әйелдер өте алады.



## ӨМІРІҢДІ ҰЗАРТЫП, ҚУАТ БЕРГЕН...

Дәрігер – жауапты мамандық. Әсіресе ел басына күн туған пандемия кезінде ақ халатты абзал жандардың көтерген жүгі жеңіл болмады. «Жанарыңды сөндірмей шырақ берген, өміріңді ұзартып қуат берген» дәрігерлердің еңбегін дәріптеу, мереке қарсаңында алғыс айту артық етпейді.

Барлық сала сияқты медицина саласында да қиындықтар мен жетістіктер қатар жүреді. Уақыт талабына сай ауруды дер кезінде анықтайтын диагностика құрылғыларының жетіспеуі, аурухана мен емханадағы сарыла кезек күту, ауруханаға жатып емделудің қиындығы, дәрі-дәрмектің қымбаттауы секілді мәселелер барын жоққа шығара алмаймыз. Шетел тәжірибесін орында-орынсыз тықпалаудан медицина саласын басқару жүйесі түбегейлі өзгеріске ұшырап, жұртшылықтың наразылығын тудырды. Дегенмен қазіргі таңда ол олқылықтардың орны толып, ізгі қадамдар қолға алынды.

Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің «Ардагерлердің денсаулығын қорғау» тұрақты комиссиясының төрағасы, профессор В.Шварц үнемі ардагерлердің хал-ахуалын комиссия назарында ұстап, қала емханаларында геронтология кабинетіне қызмет көрсету жөніндегі бағдарламаны орындауын үнемі бақылайды.

Бүгінде елордада халық тығыз орналасқан аудандарда емханалар ашылууда. Соның бірі – «Емхана City» қызмет көрсету орталығы. Ашылғанына аз уақыт болса да, 90 мыңға жуық адам тіркелген. Қаланың 5 филиалында 56 дәрігер бөлімшесі жұмыс істейді. Мұнда түрлі ультрадыбыс құрылғылары: рентген, флюорография, эндоскопия, компьютерлік томография бар. Невролог, эндокринолог, кардиолог, ревматолог, травматолог,

хирург, онколог, гастроэнтеролог сияқты дәрігерлер мен тәжірибелі медбикелер емделушілерге қызмет көрсетеді. Күндізгі стационар, оңалту бөлімі, амбулаториялық хирургия, емдік массаж секілді қосымша емдеу қызметтері қолжетімді. Жасы келген егде адамдар, зейнеткерлер, жүріп-тұруы қиын топтағылар кезек күтіп шаршамауы үшін белгіленген ереже бар. Арнайы учаскелік дәрігер оңдай адамдардың үйіне барып, тиісті ем-дом жасайды. Есепте тұратындарға тегін дәрілер беріледі. Белгілі бір маманға тіркелу үшін көп күттірмеудің жолы қарастырылған. Қазіргі зейнеткерлер Белсенді ұзақ өмір суру орталықтарына барып, пайдалы іспен шұғылданады.

Емхананың бас дәрігері Әйгерім Оспанова – жас болса да, білікті басшы. Емхананың емдеу ісі жөніндегі орынбасары Эльмира Сайлауқызы, ұйымдастыру-үйлестіру жұмысын жетік білетін Илья Широков, бөлім меңгерушілері Гүлзат Қалдыбекова, Жангүл Аликеева, дәрігер-уролог Сәрсен Доғамбеков, бас мейірбике Сауле Тежекенева, мейірбике Күләш Төкенова, рентген-лаборант, фельдшер Қарабай Альмухаммедов, эксперт Ғалия Әбдиromanова секілді дәрігерлерге ардагерлер атынан алғыс айтамыз.

Қарлығаш ҚҰСПАНОВА,  
Астана қалалық  
Ардагерлер кеңесінің мүшесі

## САРБАЗ САУЛЫҒЫ БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Кез келген қоғамның дамып-өркендеуінде, ұлт саулығында медицина мамандарының рөлі ерекше. Гиппократқа ант берген абзал жандардың мерекесіне орай Ұлттық ұланның елордалық жедел құрамасында қалтқысыз қызмет етіп жүрген жан жайлы сөз қозғауды жөн көрдік.

Астана іргесіндегі №5573 әскери бөлімінің 2-жедел мақсаттағы батальонының фельдшері Раушан Таласбаева – 22 жылдық тәжірибесі бар білікті маман, көпбалалы ана, жолдасына жанашыр жар, әріптестері арасында сыйлы жан.

Ұзақ жыл бойы қалалық №6 емханада аға мейірбике қызметін атқарып, 2016 жылы құқықтық тәртіп әскеріне қызметке орналасады. Ұлттық ұланның астаналық құрамасынан күн сайын елорда тыныштығын күзетуге, азаматтардың құқығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге 1000-нан аса жауынгер шығады. Раушан Шерәлиқызы – қызметке жұмылдырылған жеке құраммен тікелей жұмыс істейтін жауаптылардың бірі.

Сарбаздарға күн сайынғы дене тексерісін жүргізеді, науқастанып қалған жағдайда дәрігер тағайындамасы бойынша ем-дом жасайды. Тікелей лауазымдық міндетінен бөлек, бас шаһарда өтетін түрлі қоғамдық-саяси,

мәдени-көпшілік, спорт іс-шараларында тұрақтылықты қамтамасыз етуге шыққан әскери қызметшілермен бірге бірнеше сағат бойы қызметте жүреді. Батальонның ішкі тәртібіне сәйкес, тәуліктік жасаққа түседі. Сарбаздардың денсаулығы 24/7 режимінде ақ халаттылар бақылауында болуы тиіс, сондықтан таңертеңнен келесі күні таңертеңге дейін батальонның медицина пунктіндегі санитарлық нұсқаушылармен бірге ауысыммен кезекшілік атқарады.

«Медицина мамандарының айбынды армиямыздың әлеуетін арттырудағы үлесі өлшеусіз деуге болады. Әскери ұжымдағы ақ халаттылар санитарлық-гигиеналық бақылауды қамтамасыз етеді, емдік-профилактикалық жұмыстарды, эпидемиологияға қарсы іс-шараларды жүзеге асырады, сарбаздар мен әскери қызметшілердің денсаулығын күнделікті қадағалап, жауынгерлік міндеттерді орындауына оңтайлы жағдай жасайды. Осы орайда



қатардағы Таласбаеваның еңбегі зор. Жауапкершілігі жоғары, кішіпейіл, сарбаздарға жаны ашып тұратын нағыз абзал жан» дейді №5573 әскери бөлімі медицина қызметінің бастығы, подполковник Рауан Құрмансейіт.

Әскери медбике жауынгерлік тапсырмаға әрдайым дайын болуды, жеделдік пен жауапкершілікті, өзінің және жақындарының денсаулығын, өзіне сеніп тапсырылған жеке құрамның саулығын алдыңғы кезекке қояды.

Жұмысына лауазымдық міндетім деп қана қарамай, Отан алдындағы борышын өтеуге келген сарбаздарға аналық кеңесін айтып, бірде жылулық сыйласа, бірде жаман әдеттен тыйып жатады. Өз ұлдарымен тетелес болғандықтан, жас жауынгерлердің психологиясы оған жақсы таныс. Жүрегіне жол тауып, жақындарынан

жырақта жүрген, әскери ортаға сіңісе алмай, сағыныш арқалаған бозбалалардың тәнімен қатар, жан жарасын да емдейтіні бар.

«Қызметте жүргенде бала-шағаны ойлап, үлкендеріне хабарласып, кішілеріне бас-көз болуды тапсырамын. Ал үйге кеткенде қазармадағы сарбаздарымды ойлаймын. Қызметтегі жетістіктеріне қуанамын. Аналарына хабарласып, қуантқанын қалап тұрамын. Астанаға әртүрлі елдің басшылары, өкілдері келеді. Ауқымды шаралар өтеді. Біздің әскери қызметшілеріміз «оцепление» дейміз ғой, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арнайы трассаларға, қоғамдық орындарға шығады. Түрлі ауа райында белгіленген уақыттан артық мөлшерде сыртта жүретін кездер болады. Сондықтан суық тию, кезеңдік вирустар жұқтырудың алдын алудың бірден-бір жолы – иммунитетті нығайту. Бір бөлме ішінде бір рота бірге ұйықтайтын болғандықтан, эпидемиологиялық-санитарлық жағдай бізде қатаң қадағаланады. Тұмаудан аман өтсек, ешкім ауыр-маса деп тілеп отырамын» дейді мейірбике ханым.

Дайындаған Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

## ҚҰРБАН АЙТ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!

### Қадірлі отандастар!

Сіздерді мұсылман қауымының ұлық мейрамы – Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Айт қабыл болсын! Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, жұмыстарыңызға береке тілеймін.

Құрбан айт – шынайы ниет пен Аллаға деген сүйіспеншілікті паш ететін мейрам. Ұлық мерекенің тәрбиелік мәні мен мағынасы тереңде жатыр. Қасиетті Құранда: «Ұмытпаңдар, олардың еті де, қаны да ешқашан Аллаға жетпейді. Оған жететін нәрсе – жүректеріңізге ұялаған тақуалықтарың (шынайы ниеттерің)» («Хаж» сүресі, 37-аят), – делінген. Аятта айтылғандай, Құдай жолында жақсылық жасауға ниеттенген пенде бұл амалды риясыз оймен орындайды.

Адам баласы құрбандық шалу арқылы Алланың берген ризық-несі-бесіне шүкір етеді. Құдайдың нәсіп еткен нығметтің бір бөлігін көмекке мұқтаж жандарға үлестіріп, олардың да ақысын беріп, қуанышқа бөлейді. Өйткені Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Парыз амалдан кейінгі Аллаға ұнамды іс – мұсылманның жүрегіне қуаныш сыйлау» деген.

Үлкеннің, көмекке мұқтаж жандардың алғысын алып, батасына бөлену – айт кезінде орындалатын сауапты істің бірі. Мұсылман баласының ұлық күнде шынайы ниетпен құрбан шалып, оны мүгедектер мен жетімдерге, көпбалалы отбасылар мен қарттарға таратып, алғысын алуға тырысатыны сондықтан.

Осы ретте еліміздегі барша кәсіпкер азаматтарды Құрбан айттың құрметіне мал құнын қолдан көтермей, халықтың әлеуметтік жағдайын ескеріп, оңтайлы баға ұсынуға, жұртымыз күнде тұтынатын азық-түлікке мүмкіндігінше жеңілдік жасауға шақырамын. Құрбан айтты атап өтудің негізгі мақсаты – мұсылмандар арасында өзара мейірімділік, жомарттық, қайырымдылық, қанағат сынды адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру. Алланың рақым нұры төгілетін берекелі сәттерде халқымызға жақсылық жасап,



көпшіліктің ризашылығына бөленейік.

### Құрметті халайық!

Алла қаласа осы жылы да елімізде құрбан шалу рәсімі офлайн және онлайн форматта өтеді. Діни басқарма ел азаматтарына, әсіресе қала тұрғындарына қолайлы жағдай жасау мақсатында құрбан шалу рәсімін қашықтан өткізуге арналған qurban2024.kz сайтына іске қосты. Құрбандық шалу рәсімін басқа біреуге тапсырып, оны осы істе өкіл етуге дінімізде рұқсат берілген.

Өздеріңізге белгілі, өткен жылы мұфтият қызметкерлері «Раббың

үшін құрбан шал» қайырымдылық жобасы аясында 1 104 тонна құрбандық етін 123 594 отбасыға, сонымен қатар мүгедектер, зағиптар қоры, ауруханалар мен ардагерлер үйіне жеткізіп берді. Бұйырса, биыл да осы бағыттағы қайырымдылық іс-шараларды жүзеге асырамыз.

Құрбандық еті әсіресе су тасқынынан зардап шеккен отандастарымызға, қараусыз қалған қарттарға, жалпы әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға таратылады. Еліміздегі барша мұсылман қауымын сауапты іске үлес қосып, белсенді болуға үндеймін.

### Қадірлі жамағат!

Бүгінде әлем мұсылмандары қасиетті Мекке қаласында қажылық жасауда. Солардың қатарында парызын өтеп жүрген 5 мыңнан астам отандасымыздың ниеті, халқымызға жасап жатқан дұғасы қабыл болып, елімізге аман-есен оралуын тілейміз. Алла Тағала байтақ даламызға берекесін жаудырып, шалған құрбандықтарымызды, берген садақаларымызды, айт күндері амалға асырған Аллаға ұнамды әрбір игі істерімізді қабыл етпей. Әмин!

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,  
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мұфти


## ҚҰРБАН МАЛЫНЫҢ ҚҰНЫ ҚАНША?

Иә, Құрбан айт жақындаған кезде құрбан шалуға ниет еткен жандардың бәрін осындай сауал алаңдататыны анық. Жыл сайын құрбандыққа шалынатын малдың құны өсіп отыратынын да жақсы білеміз. Осы орайда көпшіліктің көкейіндегі сауалды Астана қаласындағы Әзірет Сұлтан мешітінің наиб-имамы Жұманазар Садырхановқа қойдық.

«Астана қаласы бойынша барлық базарлардағы, құрбандық шалатын жерлердегі 1 қойдың құны – 75 000 теңге. Бұл – мұфтиятпен, базар басшыларымен және кәсіпкерлермен келісіп жасалған ортақ баға. Ал ірі қараның елорда бойынша орташа бағасы – 490 000 теңге. Құрбан айт күні қалада 70 мың теңгеге де, 80 мың теңгеге де қойлар сатылуы мүмкін. Ең басты шарты – құрбандыққа шалынатын малдың жасы 1 жастан асуы керек. Ал ірі қараға келетін болсақ, оны 7 адам бірігіп сатып алып, құрбандыққа шалуына болады. Малдың жасы 2-ге толуы немесе 2 жастан асуы шарт. Бұл жерде «Жетеудің бірі бол!» деп аталатын құрбан шалу акциясы өтетінін ұмытпаңыздар. Әдетте ірі қараға түйе я болмаса сиыр таңдалады. Түйе көбінесе ыстық өңірлерде өсірілетіндіктен, Астанада жоқ болғандықтан, құрбандыққа сиыр шалынады. Сол себептен 7 адам 70 мың теңгеден шығарғанда 490 мың теңге болады. Басқа өңірлерде ірі қараның құны әртүрлі: 430 мың, 450 мың, 550 мың және 350 мың теңгеге сатылады» деп түсіндіріп берді мәселенің жауабын Әзірет Сұлтан мешітінің наиб-имамы.

Ол сондай-ақ құрбандыққа шалынатын малды таңдаған кезде ең жақсысына тоқталу қажеттігін айтады. «Ең бастысы, құрбан малының дені сау, семіз, құрбан шалатын жерге өз аяғымен жүріп келген мал болуы шарт. Бір құлағы толық түсіп қалған, бір көзі ағып кеткен, ақсақ-тоқсақ қойлар құрбандыққа жараммайды. Пайғамбарларымыз да құрбан шалғанын білеміз. Мысалы, Ибраһим пайғамбардың, Адам Атаның екі баласы Абыл мен Кабылдың да құрбандықтары болған. Өз пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа с.ғ.у. да кезінде арнайы құрбан шалған. Демек ең жақсы малды таңдап, шынайы ниетпен құрбан шалыңыздар. Алла Тағала құрбандықтарыңызды қабыл етсін!» дейді Жұманазар Садырханов.

## АРНАЙЫ САЙТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Құрбан шалу рәсімін қашықтан өткізуге арналған qurban2024.kz сайтына іске қосты.

Онлайн түрде құрбан шалам деушілер сайт арқылы құрбандық малын таңдап, Kaspi QR арқылы қажетті қаражатты аударуға болады. Қой мен ешкіні жеке адам, ал ірі қара мен түйе малын бір немесе 7 адам бірігіп шалса болады. Тапсырысыңыз сәтті өтсе ұялы телефоныңызға смс хабарлама келеді. Құрбандық шалынған соң оның фото және бейне есебі тапсырыс беруші көрсеткен нөмірге жіберіледі.

Құрбан шалу – Алла Тағаланың берген сансыз нығмет-несі-белеріне әрі жылдан жылға аман-есен жеткенге шүкіршілік

ретінде һәм жыл бойы жіберген күнә-қателіктерді жуу үшін орындалатын ғибадат. «Құрбан» сөзі араб тілінде «жақындау» деген мағынаны білдіреді.

Айта кетейік, Астанада Құрбан шалуға болатын 5 арнайы орын бекітілген. Олар:

- «Шанхай» базары;
- «Баракат» базары (А-369 көшесі, 10);
- «Жайлау» базары (С-754 көшесі, 1 корпус);
- «Шолпан-ата» базары (Алаш тас жолы, 27/2);
- Железнодорожный тұрғын алабы (Ақжар к-сі, 20).

Бетті дайындаған Төлен ТІЛЕУБАЙ, Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

## ҚҰРБАНДЫҚ ШАРТТАРЫ ҚАНДАЙ?

16 маусым – Құрбан айт мейрамы. Астанада құрбан айт сағат 6:00-де оқылады. Құрбандық шалу уақыты айт намазы оқылатын жерлерде айт намазынан кейін, ал айт намазы оқылмайтын ауылдарда таң атқаннан соң басталып, айттың үшінші күні күн батқанға дейін жалғасады.

(1,2 млн теңге) қаражат. Мал-дүниесі нисап мөлшеріне жетпеген, яғни жағдайы төмен мұсылманға құрбан шалу міндет емес. Құрбандық шалу ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына толған, ауқатты, мұқим (турақты), әрбір ер және әйел мұсылманға бұйырылады.

### Қарыз алып құрбан шалуға бола ма?

Егер бір адамға құрбандық шалу уәжіп болса, алайда қолында ақшасы болмаса, қарыз алуы міндетті. Ал егер оған құрбан шалу уәжіп болмаса, өзі мұқтаж адам болса, оған құрбандық шалу үшін қарыз алу дұрыс емес. Өйткені Алла Тағала пенделеріне шамасы келмейтін нәрсені жүктемейді. Ол туралы Құранда былай делінген: «Алла ешбір жанға күші жететінінен басқаны жүктемейді».

### Құрбандық еті қалай үлестіріледі?

Құрбандық еті үшке бөлініп үлестіріледі: өзіне, отбасына, бала-шағасына;

туған-туыс, көршілеріне; қалған үштен бірі кедей мен мұқтаждарға.

Бірақ шалынған малды түгелдей кедей-мұқтаждарға таратуға болатыны сияқты, түгелдей өзінің отбасына қалдыра алады. Құрбандыққа шалынған малдың етін, терісін, сирақтарын, басын және сүтін сату – ұнамсыз іс.

### Жолаушыға құрбан шалу міндет пе?

90 шақырымнан астам жерге сапарға шыққан адамға құрбандық шалуы міндетті емес. Бірақ нәпіл ретінде құрбандық шалса, сауапқа кенеледі. Алайда жолаушы айт күндерінің демалысын пайдаланып немесе басқа да себептерге байланысты сапарлап барған жерінде құрбан шалуына рұқсат етіледі. Оның сапарға шыққаны құрбан шалуына және құлшылығының қабыл болуына кедергі болмайды. Ал егер айттың бірінші күні сапарда болып құрбан шалмаса, кейін айт күндері үйіне қайтса, онда ол құрбан шалуға тиіс.



Құрбандық шалудың белгілі уақыты бар. Құрбандықты одан алдын немесе кейін шалуға болмайды. Уақытынан бұрын шалған құрбандық өз отбасы үшін сойылған мал іспетті. Ол құрбандық болып есептелмейді. Ал уақытынан кейін шалса, оның етін садақа ету уәжіп болады, одан өзі жемейді.

### Құрбандық шалу кімдерге міндет?

Ханафи мәзһабында құрбан айт күндері құрбан шалуға жағдайы келетін адамдарға, яғни байға құрбан шалу – уәжіп (міндет). Шариғат бойынша «бай» деп мал-дүниесі нисап мөлшеріне жеткен адамға айтылады. Нисап мөлшері – 40 қой (ешкі) немесе 30 ірі қара немесе 5 түйе. Ол да болмаса қажеттілігінен артық 85 грамм алтын

## ҚҰРБАН ШАЛУ ТӘРТІБІ

Раббың үшін намаз оқы және құрбан шал!  
(«Құрбан» сүресі, 2-аят)

| ҚҰРБАН ШАЛУ ҮКІМІ                                   | ҚҰРБАН ШАЛУ УАҚЫТЫ  | ҚҰРБАН ШАЛУ ӨКІЛДІГІ  |
|---|---|---|
| Шамасы келетін мұсылман адамға құрбан шалу – уәжіп. | Құрбан айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні күн батқанға дейін жалғасады. | Құрбан шалу үшін өз татпасы азамат жасында орташа басқа бір адамның өкілі бере алады. |

### ОРЫНДАЛУ ТӘРТІБІ

Малды өзі жамбасымен жақылап, сүзуден құтыла беріп қарату

Құрбан шалуға ниет ету (от атанып немесе өткізіп атанып)

"Бисмиллаһ Аллаху Акбар!" деп айту

Малды иппет, көпжас және өкі күре тамыран кесу

Малды қима толық жүйе болып және жаны шықпай қату

### ҚҰРБАН ШАЛУҒА ЖАРАМДЫ МАЛДАР

| ҚҰРБАН ШАЛУ ШАРТТАРЫ   | НЕСЕ АДАМНЫҢ АТЫНАН ШАЛЫНАДЫ  |
|--|---|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>Мұсылман болу</li> <li>Балиғат жасына толу</li> <li>Жолаушы болмау</li> <li>Жағдайы болу</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>5 жастан асқан түйені 1-ден 7 азамға дейін бөліп шалды</li> <li>2 жастан асқан ірі қара малды 1-ден 7 азамға дейін бөліп шалды</li> <li>1 жастан асқан қойды бір адам шалды</li> </ul> |

### ҚҰРБАН ШАЛУҒА ЖАРАМАЙТЫН МАЛДАР

- Бір немесе екі көзі сиыр
- Жүре азаматтық емес
- Тістерінің көбісі жоқ
- Бір немесе екі мүйізі түбінен сынған
- Құрбандыққа шалынған күннен бұрын белгілінің көбегі кесілген
- Лас нәрсенен көрсетілген
- Арық болу

### ҚҰРБАНДЫҚ ЕТІН ҮЛЕСТІРУ

- 1/3 өзіне, отбасына
- 1/3 туған-туыс, көршілеріне
- 1/3 мұқтаждарға

### ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ!

- Малды бис-сиратын, терісін және етін сату
- Малды артық қинау
- Малдын көзінше пышақ қайру
- Өтпес пышақпен кесу



Биік тұрған таулардың басы ешқашан қосылмаса, сол тауға ұсап таудай болған адамдардың басы қосылады дегенге осы кітапты оқып отырып көзім жетті. Автор өзі талай жылдар еңбек еткен ақпарат саласында өзі кездескен немесе өзі зерттеген жандардың өмірбаянына етене көңіл бөліп, олардың қоғамдағы іс-шаралары мен өмір тәжірибелерін көпшіліктің назарына жеткізе білген.

Кітап өте көлемді. Ол «Тұлғалар», «Ғажап жандар» және газет беттерінде соңғы жылдары жарық көрген мақалалар сияқты үш бөлімнен тұрады. Бұл – автордың ұзақ жылдардағы журналистика саласындағы еңбегінің жемісі. Ғалия Балтабайдың бұл кітабын қызыға оқып шықтым. Әсілі, мұндағы ой – кітаптағы кейіпкерлердің көпшілігінің таныстығында емес, оның көркемдік жеткізгілі қызықтырды.

Мұндағы әрбір тұлғаны жеке-жеке алып, ширатып, басты кейіпкердің бейнесін көркемдеп суреттейтін болсақ, олар бір-бір көркем туындыға арқау болып шығарында дау жоқ.

Автордың сонымен қатар «Тұғыры биік тұлғалар», «Иса ақын және оның ұрпақтары», «Емші құдіреті», «Әрбір үйге радио қажет», «Есімдері – ел есінде», «Ұлы Жеңіс – ұрпаққа ұлағат», «Тағдырларды біріктірген – Қазақстан», ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Ақмола облысы», Железин ауданына арналған «Туған жер перзенттері», «Шипасымен шуақ шашқан», «Ұлы Жеңіс ешқашан ұмытпайды», «Ұлттың ұлықтаған асыл ана», «Өмір шыңы», «Қалдырған ізін мәңгілік», «Жаным жадырады жақсы тілектерден», кішкентай балаларға арналған «Сары қыз» атты кітаптары жарық көрген. Бұдан бұрын да қаламгеріміз оқырмандарына жақсы пікірлер жинаған, республикамызға танымал журналист.

«Әр адамның өмірі жазылмаған повесть немесе роман» деген екен А.Пузиков «Жизнь Э.Золя» атты тарихи өмірбаяндық шығармада. Шын мәнінде осы қысқа сөздің астарында үлкен ойдың жатқаны айқын. Адамның бүкіл өмірі артта қалар игі істерге арналатыны белгілі.

Кісінің кісілігі, адамның адамдығы заманда емес, сол заманды жасап отырған адамда екенін түсінген жағдайда, әрбір дарын иесіне, ерекше адамға ынта қойып, оның мына ғұмырында атқарған міндеті мен жасаған істерін, өзін қоршаған ортаға көрсеткен ықпалын көріп қана қоймай, оны өзгелерге таныту

## АРДАГЕР ЖУРНАЛИСТІҢ АСУЫ

«Құрмет» орденінің иегері журналист Ғалия Құсайынқызы Балтабайдың таяуда баспадан шыққан «Тұлғалар – ғажап жандар» атты кітабында адами құндылықтарымен ерекшеленген, өзіндік болмысымен көпшіліктің көзіне түскен, өзіндік қолтаңбалары бар қайраткерлер мен қарапайым еңбек адамдары жайында әңгімеленеді.



да – игі істің бір көрінісі.

Кейде біздер қасымыздағы адамдардың мамандығын білгенімізбен оның жан дүниесін түсіне алдық па? Ол жағы көбіне-көп тасада қалып қояды. Жер бетінде қанша адам болса, сонша тағдыр. Айналып жатқан жер шарының бетінде тер төгіп, еңбек етіп жүрген жандар қаншама. Олардың кейбіреуінің өзі таңдап алған мамандығындағы ерекше қабілетін танып, бағаласақ, оның ішкі дүниесін екінің бірі біле бермейді. Оны байқап, көпшілік жұртқа жеткізе алатын журналист-жазушы екені айдан анық. Олай болса, Ғалия Құсайынқызының публицист-жазушы ретінде тануымыз бекерден бекер емес.

Осы орайда, көзіміз көрген белгілі тұлғалар мен жанымызда жүрген ғажап жандар туралы қалам тербегеннің өзі, сол адамның өмірге

деген көзқарасының терең екенін сезбеуіміз де мүмкін емес. Кейіпкерін тауып, таңдап жазатын жан ретінде танылған құрбымызға, әріптесімізге ризашылығымыз жоғары. Өзіміз білетін, естіген, көріп жүрген жандарды есімізге салып, тебіренеткенін де жасыра алмаймыз.

Ғалия Құсайынқызының «Тұлғалар – ғажап жандар» деп ат қойып, көп жылдар бойына өзі сол тұлғалармен, ғажап жандармен араласқанын, олар жөнінде жүрекжарды пікірлерін тізгенін көріп отырмыз.

Публицистика – әдебиет пен журналистиканың қоғамдағы көкейкесті, өткір мәселелерін қозғайтын сала. Ол – өмірдің әлеуметтік, өндірістік, ғылыми, мәдени және басқа құбылыстарының өмірдеректерін негіз ететін әдеби жанр.

Орыс жазушысы М.Горький публицистикалық очеркті ғылыми-зерттеу

мен әдеби шығарманың ортасында тұрған аралық зат, ол болашақ көлемді көркем шығарманың эскизі деген екен. Осындай ойға құралған өзіміздің публицист жазушыларымыз да баршылық.

Ғалия Құсайынқызы – нағыз жазушы, оның алып жүрген тақырыбы нағыз публицистикаға тән көлемді жанр. Көптеген жазушылар өз еңбектерін публицистикадан бастап үлкен жазушылық жолға шыққандары баршамамызға белгілі.

Ғалия Құсайынқызы Балтабай – қаламы жүйрік, ойлы да көреген қаламгер. Бұл – үлкен еңбектің жемісі. Бұл кітаптың оқырмандарын тәтті етіп, өзі жазған жандардың ризашылығына бөленетініне сеніміміз зор.

Баянды ӘЛПИ,  
М.Горький атындағы әдебиет институтының түлегі, қаламгер

Астана қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» мекемесінде көрнекті қаламгер, Қазақстанның құрметті журналисі, «Құрмет» орденінің иегері Ғалия Балтабайдың «Тұлғалар – ғажап жандар» атты жаңа кітабының тұсаукесері өтті.

Бүкіл саналы ғұмырын радио журналистикасына арнаған Ғалия Құсайынқызы 10-нан аса кітап шығарған қаламгер ретінде де танымал. «Тұлғалар – ғажап жандар» атты кітабы автордың журналистика саласындағы ұзақ жылдарғы еңбегінің жарқын көрінісі деуге болады. Кітаптың негізгі арқауы – мемлекеттік және қоғамдық ортаның ерекше адамдары. Автор өзі тұлға деп, ғажап жандар деп санаған кейіпкерлерінің өмір жолын жан-жақты зерттеп, оқырман қызығын оқшымдай етіп жазды.

– Ғалия Құсайынқызы елімізге танымал журналистің бірі екені сөзсіз. Мен бұл қаламгерді қаламыз Астана болғалы жақсы білемін. Жас елордамыздың алашқы сәтінен бастап, оның қалыптасу, өркендеу кезінде Астанамыздың мәртебесін ұлықтау үшін көп еңбек сіңірді. Сонымен қатар жазушылық қабілетімен де ерекшеленетін жан. Бүгінгі таңда зейнеткер болғанымен, Астана қаласының Ардагерлер кеңесі мен «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» мекемесінің медиатөбесінде шығармашылық жұмысын жемісті жалғастырып жүр. Сол үшін де біз Ғалия Құсайынқызын ерекше құрметтейміз, әлі де қатардан қалмай жаңа шығармалар, кітаптар жазу беруіне тілекшіміз, – деді Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов тұсаукесер рәсімінде.

Мағыналы да, мазмұнды кітаптың тұсаукесер рәсімінде мемлекет және қоғам қайраткері Рысты Жұмабекова, Алматы аудандық Ардагерлер ұйымының төрағасы Марат Мұстафин, ардагер-ұстаз Еркін Дәуешұлы және басқа да азаматтар ақжарма тілектерін айтып, кітап авторына зор денсаулық, шығармашылық табыс тіледі.

Жиналған қауым жаңа кітаппен танысып қана қоймай, әсерлі ән-күйге де бөленді.

## «ҚАНЫШНАМЕ» ЖАРЫҚ КӨРДІ

Ұлттық академиялық кітапханада ақын Аспанбек Шұғатаевтың «Қанышنامه» кітабының таныстырылымы өтті. Оған автордың кітаппен аттас поэмасы енгізілді. Аталмыш туынды Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған, академиктің ата тегінен бастап ақырғы деміне дейінгі ғұмырын қамтиды. Кітап қылқалам шебері Алмас Сырғабайдың мәнді де мағыналы суреттерімен көркемделді, таныстырылыммен қатар сол суреттер көрмесі де ұйымдастырылды.

Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ

Парламент Сенатының депутаты, «Қ.И.Сәтбаев халықаралық қоры» қоғамдық қорының қамқоршылық кеңесінің төрағасы Алтынбек Нухұлы



Қаныш Сәтбаевтың биылғы мерейтойы өте жақсы дәрежеде өтіп жатқанын, жазушы Медеу Сәрсекеннің сәтбаевтанудағы айрықша еңбегін, қаламгер қаныштануға 60 жыл ғұмырын арнағанын атап өтті. «Қанышنامه» поэмасының ерекшелігіне тоқтала келе, автор Сәтбаевтың көп жазылмай жүрген ата-бабасын, туған жеріндегі адамдарды, ғұлама ғалымның тектілігін танытқанын айтты. Бұған дейін Қаныш Сәтбаев туралы көрнекті ақын,

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлы поэма жазғанын, Қаныш жайында осы таныстырылымға қатысқан ардақұрған ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Ғалым Жайлыбай тамаша өлеңдер тудырғанын жеткізді. Ғалым Жайлыбай кезінде «Қ.И.Сәтбаев халықаралық қоры» қоғамдық қорының атқарушы директоры болып, академиктің 100 жылдығына атап өтілуіне үлкен үлес қосты. Ақын сол кезді еске алды. Сол

уақытта да Қаныш Сәтбаевқа арналған өлеңдер жазылғанын, атап айтқанда, Жәркен Бөдеш поэма арнағанын, бірінші орын Дәуітәлі Стамбеков алғанын жеткізді. Қаныш туған Баянауылдың қасиетіне тоқталып, сол жерден шыққан Шәкен Айманов, Жұмат Шанин секілді тұлғалар қазақ мәдениеті мен өнері салаларының негізін қалағанын айтты. Жезқазғандық қаламгер Батырбек Мырзабеков Қаныш Сәтбаев жайында роман жазып бітіргенін сүйіншіледі.

Кітап авторы Аспанбек Шұғатаев айттыс өнеріне құбылыс болып келгенін атап өтті.

Парламент Мәжілісінің депутаты, ақын, журналист Жанарбек Әшімжан қазір есімі көп айтылмайтын еліміздегі энергетика саласының негізін қалаушылардың бірі Шапық Шөкенин Қаныш Сәтбаевтың еңбегін насихаттаудағы үлесіне тоқталды, авторға жылы тілегін айтты.

Академик, Ұлттық құрылтай мен Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Кәрімбек Құрманәлі кезінде Қаныш Сәтбаев құрған Ұлттық ғылым академиясы құлдыраған кезеңнен өтіп, Мемлекет басшысының перменімен мемлекеттік мәртебе алғанын, қазір елімізде ғылым саласы жаңғырып жатқанын атап өтті, ғылымның мән-маңызына тоқталды.

Түркия елінде алтын құйма пішінінде, қалтаға сыярықтай шағын болып басылған кітаптың жарық көруіне, туындының алғашқы таныстырылымының да сол бауырлас елде өтуіне қолдау көрсеткен дипломат Теміртай Рымтайұлы, Медеу Сәрсекеннің қарындасы, әдебиеттанушы ғалым, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Қазақ әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі Қайырбек Кеменгер ізгі лебіздерін жеткізді. Баян елінің өнерпаздары Дәуренбек Слямғали мен «Беу, жігіттер» ансамблі әсем әндерді әулетті.

«Ломбард Нұр Алтыны Астана» ЖШС сатып алынбаған мүлікке (зергерлік бұйымдарға) аукцион жариялайды. Аукцион ағылшын әдісі бойынша 2024 жылдың 25-30 маусымда сағат 10.00-де өтеді, мекенжайы бойынша: Ч.Айтматова көш., 36 н.п.84 тел. 8 7172 333 273

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Астана қалалық филиалы 2024 жылғы 15 шілде күні сағат 10:00-де Астана қаласы, Тәуелсіздік 34 даңғылы (ТРП «ASTANA MALL»), мекенжайында орналасқан ЦІП 6 бөлiмшесiн күрделi жөндеу бойынша қайталап ашық тендер өткiзетiндiгiн хабарлайды.

Тендерлік құжаттама пакеттерiн 2024 жылғы 12 шiлде дейiнгi мерзiмдi қоса алғанда, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17-үй, 301-бөлме, әкiмшiлiк-шаруашылық бөлiмiнен, сағат 09.00-ден 17.00-ге дейiн (жұмыс күндерi) алуға болады.

Тендерлiк өтiмiмдердi ұсынудың соңғы мерзiмi – 2024 жылғы «12» шiлде сағат 17:00-ге дейiн. Тендерлiк өтiмiмдердi ұсыну орны: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, 17 ТЕУ, 301-кабинет, e-mail: RustamTu@halykbank.kz

Тендерлiк өтiмiмдер салынған конверттер тендерлiк өтiмiмдер берген барлық келген әлеуеттi мергiгерлердiң қатысуымен мына мекенжай бойынша ашылады: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17.

Қосымша ақпарат пен тендерлiк құжаттамаларды 8-(7172) 59-19-59; 55-98-43 телефондары және e-mail: RustamTu@halykbank.kz арқылы алуға болады.

# Өңірлік үстемеақыны қайтарайық!

Алаңдатарлық мәселенің бірі – Солтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының саны азайып барады. Статистика деректеріне үңілсек, жыл сайын осы өңірден 40 мыңға жуық адам көршілес Ресей Федерациясына қоныс аударады. Социологтардың алдын ала жасаған болжамы бойынша 2040-2050 жылдарға қарай аталған аймақтағы халықтың саны 1 миллионға дейін азаюы мүмкін.



Сөзіміз дәлелді болуы үшін әр жылдардағы халық санының кемюін салыстырып көрсетейік. Мәселен, 1989 жылғы санақ бойынша Солтүстік Қазақстан облысы халқының саны 921416 адам болса, 1999 жылы санақта – 725980 адамға азайған, ал 2003 жылғы санақ бойынша – 682148 адамға кеміген. Осылайша, халық санының азаюы жалғаса береді. Жуырда Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі солтүстік облыстардағы халық санының кемюіне қатысты мынадай ресми ақпарат жариялады: «Халық саны барынша азайған өңірлер қатарына Солтүстік Қазақстан (-22,1 пайыз), Қостанай (-9,7 пайыз) облыстары кіреді». Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша 2024 жылғы 1 сәуірге Солтүстік Қазақстан облысындағы халық саны 527,5 мың адамды құрады, соның ішінде қалалықтар – 258,5 мың адам (49%), ауылдықтар – 269 мың адам (51%). Халықтың табиғи кемюі

дардың қалыпты өмір сүруіне талаптағыдай жағдай тудырып отырған жоқ. Мысалы, өңірде қысқы жылыту маусымы 7 айдан астам уақытқа созылады. Ал өте қысқа жаз маусымында егіншілікпен, мал шаруашылығымен толық айналысуға, жем-шөп қорын молынан дайындауға мүмкіндік аз. Бұл өңірге тиісті деңгейде газ тартылмаған. Халықты таза ауызсумен қамтамасыз ету жайы, жолдардың сапасы сын көтермейді. Мұның бәрі өмір сапасын жақсартуға қомақты қаржыны қажет етері сөзсіз. Өкінішке қарай, Солтүстік Қазақстан облысы орташа айлық жалақы көрсеткіші бойынша республикада ең соңғы орында тұр. Көші-қонның теріс сальдосы салдарынан халықтың табиғи азаюы көп жыл бойы жалғасып келеді. Оның ақыры білікті кадрлардың

қосымша қаржылай көмектер азық-түлік, қысқы киім-кешек алуға, жарық пен жылу шығынын өтеуге, басқа да қажеттіліктерге жұмсалды. Менің ойымша, арнайы «өңірлік үстемеақы» әдістемесін енгізу тәуекелі мол климаттық өңірлердің тартымдылығын арттырады сөзсіз.

– Халық тұрмысының сапасын көтерудің тағы қандай жолдары бар?

– Солтүстік аймақтарды «көгілдір отынмен» қамтамасыз ету мәселесі сайлаушылармен, ауыл шаруашылығы және кәсіпорын басшыларымен кездесулерде жиі айтылады. Алайда газдандыру процесін жеделдету, Үкіметтің күн тәртібіне қойылғалы көп уақыт болғанына қарамастан, мәселесі әлі күнге дейін шешімін таппай отыр. Бір өкініштісі, бұл жобаны жүзеге асырудың нақты



тапшылығына, көрсетілетін қызметтер сапасының нашарлауына әкеліп соқтырды. Бұдан бөлек, шекаралас аймақтардағы адамдар санының күрт кеміп кетуі – ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан да өте алаңдатарлық жайт.

– Жоғарыдағы өзекті мәселелерді шешу үшін Сіз «Солтүстік коэффициенті» деп аталып кеткен 15 пайыздық үстемеақыны қайта енгізуді ұсындыңыз. Халық санын көбейтуге, тұрмысын жақсартуға оның қандай әсері болмақ?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев теріскей тұрғындары санының азайып кетуіне алаңдаушылық білдіріп, аймақтық теңсіздік мәселесін шешу міндетін қойған болатын. Сондықтан мәселені еліміздің жұмыс күші артық өңірлерінен солтүстікке қоныс аудару бағдарламалары арқылы жүзеге асырумен шектелмей, халықтың сапалы тұрмысын қамтамасыз ету қажет. Өркениетті елдер тәжірибесі көрсеткендей, Қазақстанға ұқсас климаттық жағдайларда түрлі қаржылай қолдау тетіктері көрсетіледі. Атап айтқанда, белгілі мөлшерде шәкіртақы, зейнетақы, жалақы белгіленген. Өмір сүру көрсеткішін жақсартуға бағытталған мұндай

“

Халық саны барынша азайған өңірлер қатарына Солтүстік Қазақстан (-22,1 пайыз), Қостанай (-9,7 пайыз) облыстары кіреді

механизмді қарастырылмаған. Солтүстік өңір тұрғындарын алаңдатып отырған осы мәселелерді жедел шешу үшін мынадай нақты іс-шаралар басты назарға алынуы тиіс: біріншіден, теріскей тұрғындары үшін арнайы «өңірлік үстемеақы» бағдарламасы мен әдістемесін айқындау; екіншіден, аймақтардың зейнет жасындағы тұрғындарына арнап «өңірлік үстемеақы» енгізу мүмкіндігін қарастыру; үшіншіден, жас мамандарды тарту мақсатымен коэффициенттерді ескеру; төртіншіден, Қазақстанның солтүстік өңірлерін газдандыру мәселесін шешуді жылдамдату.

Төлән ТІЛЕУБАЙ

## ЕЛОРДАДА – ЕСІМІ

# ШОЛПАНДАЙ ЖАРҚЫРАҒАН ТАҢ АЛДЫНДА...

Елордада А.Иманов және Ш.Иманбаева көшелері бар. Екі көше бір-бірімен қиылысады. Сосын да шығар кейде екі көшені шатастырып алатындар жиі кездеседі. Әрине, Амангелді Иманов көпке таныс болғанмен, Шолпан Иманбаеваны көп ешкім біле бермесе керек. Өйткені небәрі 22 жыл ғұмыр кешкен қазақтың ақын қызы қазақ әдебиеті көкжиегінен шолпандай жарқырап көрінді де, аққан жұлдыздай ғайып болды.

Ескілік бұғауын бұзып, теңдікке ұмтылған, жаңа өмірдің жаршысы болуға, білім қуып, өнер үйренуге талпынған қазақтың ақын қызы Шолпан Иманбаеваның туғанына биыл 120 жыл толды. 1904 жылы Ақмола уезінің Қорғалжын өңіріне қарасты Майбалық ауылында кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. Жоқшылық қолын байлаған кедей әкесі Иманбай 1918 жылы небәрі 14 жастағы Шолпанды Алдоңғардың Бекейі деген байға тоқалдыққа сатып береді.

Далба-жұлба, шоқпыт-шоқпыт киімін, Ауыр тұрмыс көрдім талай қиынның. Өмір өтіп зарлау-жылау қайғыда,

Жеңе алмадым көңілдің жас түйінін, – деп өзі ашына жырлағанындай, осы босағада шынжыр балақ, шұбар төс жуандардың небір қорлық-зорлығын, тепкісін көріп, таяқтан көз ашпайды. Көкірегі ояу жас қызға бұл ауыр тиеді, жанын жабырқатып, жүрегін мұң торлайды. 2 жылдан кейін ебін тауып бай босағасынан қашып кетеді. Бас бостандығына ол 1921 жылы әзер қол жеткізді. Осыдан көп өтпей-ақ Шолпан Ақмола қаласындағы сауат ашу мектебінде 6 ай оқиды да, жетім балалар тәрбиелейтін коммунаға тәрбиеші болып қызметке орналасады. Коммунаның қабырға газеті Шолпан үшін алғашқы әдеби мектеп болды. Ауыл сахнасында өз өлеңдерін оқып, өлең өріне ұмтылуға көп мүмкіндік туады. Шолпан өлеңдері ауыздан-ауызға тарап, Ақмола жұртшылығына «ақын қыз» деген атпен танылды.

«Өткен ғасырдың 20-жылдарында өзінің талантты жырларымен оқырман жүрегін баураған қазақтың қаламгер қыздарының бірі Шолпан Иманбаева – өз ғұмырында азап пен қорлықтың зардабын көп тартқан, тағдыр тауқыметін көп көрген жан. Шолпан – қазақ әдебиетінің іргетасы қалана бастаған кезде дәуір дүбірінен оянып, заман тынысын ерте сезінген, өзінің өршіл, отты өлеңдерімен көзге түскен ақын» деп журналист Латифа Мұратбекова жазғандай, жастайынан шығармашылыққа ден қойған қаршадай ақын қыз артына өшпес өлеңдер қалдырды.

Өз өмірінде көп қорлық пен қиындық көрген Ш.Иманбаеваның өлеңдері ащы шындықты айтуымен, өткірлігімен ерекшеленеді. Оның «Жолаушы мен жұмыскер» деген алғашқы өлеңі 1923 жылы «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде жарияланды. Кейін «Қызыл Қазақстан», «Әйел теңдігі» журналдары мен «Жас қайрат» газетінде саяси-әлеуметтік тақырыптағы өлеңдері жарық көрді. Шығармалары 1927 жылы «Таңдамалы өлеңдер» деген атпен Қызылорда қаласында басылып шықты. Ол өз тұсындағы қазақ әйелдерінің мұң-мұқтажын, арман-тілегін жырлады («Қоңыр қаз», «Қазақ әйеліне», «Жолдасыма», «Апайға», т.б.), жастар мен ғылым-білім тақырыбына өлеңдер арнады («Жеттік міне», «Біздің Сәуле», «Жас німе», «Жас қайратқа» және «Жастарға», т.б.), қоғамдағы ұнамсыз құбылыстарды өткір сынға алды («Бұлбұл мен қарға», «Зейнепке», «Жеңе жаман сасады»).

Шолпан Иманбаева жайлы алғаш



қалам тербеген Нәзипа Құлжанова 1927 жылы «Әйел теңдігі» журналының 8-санында басылған «Ақын Шолпан» атты мақаласында: «Шолпанның көзге түспей қоймайтын бір басқалығы бар еді. Үйреншікті қалыпқа сыймай, шыпшып шығып тұрған екпін көрінетін... Шолпан ақын еді. Көбіне әйел мұның жырлайды, ойына алған сөзді еркін жазатын түрі бар еді. Еңбекші азамат, Шолпан сияқты еңбекші елдің игілігіне туған асылдарымызды ерте бастан ардақтап, көзіміздің қырынан кетірмей, қызығын да, шыжығын да бағалайық дегім келеді» деп жазды.

1924 жылы 4 қыркүйекте Шолпан Орынборға келеді. Осы арада 1,5 жыл оқыған оқуы Шолпанға үлкен жол ашып, оң мен солын түсініп, әлеуметтік-қоғамдық өмірге етене араласа бастады. Оның үстіне әдебиетші деген сенімін орнықтырып, үмітін ұзаққа жетеледі. Көкірегі ояу, көңілі зерек Шолпан оқуды тиянақты оқыды. Қазақ қыздарына үлгі-өнеге болды. Ол сол кездегі «Әйел теңдігі» журналына үзбей қатысып, журналдың шығуына араласып тұрды. Шолпанның «Әйел теңдігі» журналы бетіндегі өлеңдері қазақ әйелдеріне серпіліс туғызды. Қараңғылық пердесіне сәуле түсіргендей әсер етті. Бірақ ғұмыры қысқа болды, жастайынан көрген қорлық-зорлықпен қатар, өкпеден тиген суықтан ауыр дертке шалыққан ол 1926 жылдың 18 қыркүйегінде өз ауылында қайтыс болды. Аққан жұлдыздай жарқырап өткен Шолпан «қазақ әдебиетіндегі ең алғашқы ақын әйел» деген атпен тарихта қалды. Ақынның өзі өлсе де, сөзі өлмейді деген осы.

Елордамызға Шолпан Иманбаева құрметіне көше берілген. Ол Байқоңыр ауданында орналасқан. Александр Бараев көшесінен басталып, Абай даңғылында аяқталады. Ғұмар Қараш, Амангелді Иманов, Рамазан, Кенесары және Отырар көшелерімен қиылысады. Ұзындығы – 1268 метр. Көше бойына көпқабатты үйлер, дүкендер, шағын оқу орталықтары көбірек орналасқан.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ,  
Аделя САПАРБЕК,  
Л.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық  
университетінің студенті



**ОТБАСЫ –  
ТӘРБИЕНІҢ ҰЯСЫ**

Тәрбиенің басты ұясы – отбасы. Мемлекеттің негізгі буыны осы. Қоғамдағы отбасының мақсаты – баланы дамытып қана қоймай, оны өмірге дайындап, рухани жағынан жеткізіп, тұлға ретінде қалыптастыру болса, мынау жасампаз ғасырда, жаһандану дәуірінде мектеп партасында отырған баланың жан-жақты білім, тәрбие алуына ең бірінші ықпал ететін ұстаз болса, оның сүйеніші – ата-ана. Сондықтан оқуға құштар баланы мектепте ұстаздары оқытса, отбасындағы тәрбиенің көрінісін бала қоғамда, өз ортасында көрсетеді.

Әрине, әрбір ұстаз ата-аналармен қарым-қатынас жасауда түрлі тәсілдерді, қазіргі жаңа технологияларды пайдалана отырып, ата-ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс жасаса, ата-ананың мектепке, ұстазға деген көзқарасы өзгереді. Егеменді еліміздің болашағы білім мен тәрбиеге байланысты екені түсінікті.

АҚШ-та ер адамдар 99-100 жасқа келуі қалыпты жағдай екен. Бұл нені білдіреді, отбасы саясатындағы ақаулықтарды көрсетеді. Отбасындағы жағдай дұрыс болса, ондағы психологиялық-моральдық ахуал дұрыс құрылған, жүзеге асып жатса, ол отбасының мүшелері бақытты, дені сау, бақуатты өмір сүретінін мамандар айтып отыр. Мысалы, жапон елінде ер балалар тәрбиесімен тек қана әкелер айналысады және оның нәтижесін, ұлттық құндылықтарға негізделген ғылым, білімге ұмтылысын бүкіл әлем мойындап отырғанын айтуға тиіспіз.

Ал бізде, керісінше, жұмысқа, қыдыруға, демалысқа баруға, той-томалаққа жететін уақыт дәл бала тәрбиесіне келгенде болмай қалатыны өкінішті. Соңғы статистика бойынша, 6,6 ер адам баласына күніне 15 минут уақыт бөледі. Ал бұл өте аз. Баласының кім болып өсіп келе жатқанын, арман-мақсатын білмеуі де үлкен проблема екені рас. Барлығына уақыт жетеді, бірақ бала тәрбиесімен айналысуға ықылас жетпейтіні шындық.

**ҰЛДЫҢ АЗАМАТ  
БОЛУЫ – ӘКЕДЕН**

Бұрындары әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы дүние де, мал да емес – оның балаға берген жақсы тәрбиесі болатын. Ал әке мектебінен



# Әкелерді АРДАҚТАЙЫҚ!

Қазір шынында да педагогтар, психологтар дабыл қаққанындай-ақ бар, мектеп пен ата-ана арасындағы байланыс үзілді, қоғамда барлық адамдар, соның ішінде ата-аналар өздері әлеуметтік желіге тәуелді болып кеткендерін сезе бермейді. Үйдегі бала-шағаларымен жекелей пікір алысып, сырласып отырғаннан гөрі әлеуметтік желідегі басқа адамдардың өмірін қалт жібермей, қадағалап отыратын адамдар көбейді. Ал балаға қандай үлгі беріп отырмыз, өзіміз бір уақыт өз өзімізге есеп беріп көрейікші.

өткен бала сол мұраға қиянат жасамауға тырысып, аманат ретінде қабылдайтын. Әке – отбасының асыраушысы, отбасы мүшесінің тірегі, қамқоршысы ғана емес, ер адамның айқын үлгісі, бағдаршамы. Әке балаға жолдас, әрі сырлас болу керек. Өйткені әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі – баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. «Бала тәрбиесімен тек педагогтар ғана айналыспауы тиіс, бұл – ата-ананың, әсіресе, әкенің зор міндеті» дейді ҚР «Әкелер одағы» республикалық қоғам-

дық бірлестігінің төрағасы Мақсұтбек Айтмағанбет.

Жалпы, бала тәрбиесіне келгенді біздің ойымыз осы – біз жетпеген нәрсеге балаларымыз жетсе екен, біз көрмегенді көрсе, биіктерге қол жеткізсе, жақсы адамдар жолдасы болса, армандары орындалса дейміз. Мен де мысалы, ауылда, көпбалалы отбасында дүниеге келдім. Ол кездері қандай, 90-жылдары мектепке барғанда әкеміз түзде – қызметте, ал үл мен қыз тәрбиесімен анамыз айналысатын. Әкеміз көбіне сыртта, ауыл шаруашылығы жұмысында жүргендіктен, үйде

бала тәрбиесінің жауапкершілігі, бар жүгі анамызға артылатын. Анамыз үй шаруасын да реттеп, баланы да тәрбиелеп, қонағын күтіп, бау-бақшасын өсіріп, мал-жанын да жайғастырып, реттеп отыратын. Қалай уақыт жеткізетінін білмеймін, сол тіршілікті көріп өстік. Әке мен шешеден көрген тәрбиені өзің балалы болғанда қайталайтының түсінікті. Мен де сөйттім. Бірақ, балалар мектепке барғанда педагогтар ата-аналар жиналысына барғанда бізден бала туралы басқа ақпараттарды сұрай бастады, ұстаздардың сұра-

уымен, қадағалауымен мен де балаларым туралы білмекке талпынып, олар қызығатын дүниелерді зерттей басадым. Мен үшін бұл шынында да жаңалық болды. Қазақ-түрік лицейінде өзгерген балам кейін жоғары оқу орнын оқығанда, ары қарай магистратура оқығанында мүлде басқа адамға, өмірге өзінің көзқарасы бар, жеке пікірі бар тұлғаға айналды. Бұған мектептегі, білім орындарындағы ұстаздардың, тәрбиешілердің көп жақсы ықпалы болғанына куә болдым, көп нәрсеге көз жеткізіп, бала тәрбиесіне қатысты олар қызыққан тақырыптарды зерттей бастадым. Қазіргі заманғы технологияға қарап отырсақ, цифрландыру өмірімізге әбден дендеп енді, адамның ой-өрісі, экономикасы өзгерді, басқа заман келді, жаһандану кезеңінде әсіресе, бала тәрбиесіне жете көңіл бөліп, қарамасақ, кейін кеш қалатынымыз айдан анық болды. Сондықтан да осыдан 11 жыл бұрын Астана қаласындағы №59 мектепте ата-аналар жиналысында бір ата-ананың идеясымен «Әкелер одағын құру туралы, «Неге ата-аналар жиналысына әкелер келмейді, неге бала тәрбиесіне қатысты әкелер белсенді емес?» деген мәселе көтерілді.

**ӘКЕЛЕР ОДАҒЫ –  
ІЗГІ ІСТЕР ҰЙЫТҚЫСЫ**

– Бірлестік құрылтайшысы Қуаныш Жұматаев есімді азамат болды. Ол бірде баласы оқитын мектептегі ата-аналар жиналысына келгендердің басы көпшілігі аналар екендігін көреді. Содан өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі әкелердің қатысы мен рөлінің қандай екендігін ойлайды. Осылайша, мектептің тыныс-тіршілігіне, жиналыстарына белсенді атсалыса бастаған қоғам белсендісі білім мекемесінде «Әкелер кеңесін» құру бастамасын өз қолына алады. Қуаныш Жұматаев осы Әкелер одағын құрып, осы істің басы-қасында болды. Өкінішке қарай, ол өмірден ерте озып, дүние салды, бірақ, Әкелер одағы республика көлемінде көптеген жақсы істерге ұйытқы болып, жақсы іс-шаралар өткізіп жүр. Бұл кеңес 2011-2012 жылдары әскери-патриоттық клуб ашады. Әкелер мен балалардың қатысуымен шахмат пен футболдан спорттық чемпионаттар, әртүрлі бағыттағы шығармашылық байқаулар және т.б. іс-шаралар өткізеді. Сонымен қатар ер-азаматтар балалармен бірге ағаш егіп, «Әкелер аллеясын» құрады.

2012 жылы Қуаныш Жұматаев «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігін тіркейді. Кейін еліміздің әр өңірінен «Әкелер одағының» құрылуына атсалысып, аймақтардағы әріптестермен байланыста болады. Осылайша, бұл бірлестік республикалық әкелер қозғалысына айналады.

Бұл – менің қосымша жұмысым. Қазіргі кезде жұбайым екеуіміз екі бала тәрбиелеп отырмыз. Ата-аналар жиналысына барған уақытта кей мәселелерді әйел ата-аналармен шеше алмадық. «Ұл өсіріп отырған әке ретінде неге біз де қатыспаймыз?» деген ой туды. Содан «Әкелер одағы» ұйымы барын білдім, – дейді Мақсұтбек Айтмағанбет.

2020 жылы елордалық одақ республикалық одақ ретінде 9 өңірде филиалын ашып, жүзден астам белсенді әке шындап жұмыс істей бастады. Бала тәрбиесіне бей-жай қарамайтын белсенді әке ата-аналар жиналысына қатысып, педагогтармен, құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен және құзыретті министрліктермен, әкімдіктермен бірлесе отырып балалардың мәселесін шешіп, балалар арасындағы келіспеушіліктерді шешудің оңтайлы жолдарын іздестіріп, бала тәрбиесіне белсене араласуда. Қазір мектептерде «Әкелер кеңестері» жұмыс істеп жатыр.

**ТОВЫҚТАЙ ТҮЙІН**

Шынында да бала тәрбиесіне қатысты кейінге ысыратын, одан өзекті мәселе қазақ отбасында болмауы тиіс. Қамшымен қорқытып, дамбап шешіп, сабайтын, тентек пен теліні қара шүпшен сабағына түсіретін заман келмекке кетті. Мүлде біз ойламаған, құндылықтары өзгерген, қайырымсыз қоғам өмірімізге енді. Жаңа заманның ағымына сай икемделуіміз керек. Баламен оқыңыз, баламен армандыңыз, баламен проблеманы шешіңіз, сонда ғана бәсекеге толы қазіргі заманғы қиындықтарды бала еркін еңсере алатынын ұмытпауымыз қажет. Әке баласына шын мейірімін төгіп, қиын кезде жанынан табылған кезеңде ғана оған арқауың, жанашыр болмақ, бар мұң-мұқтажын бірлесе шешпек. Жақсылыққа – жақсылық, мейірімге – мейірім болары, ұрпақ сабақтастығы, отбасы бақыты жалғасары сөзсіз. Бұл іске қоғам болып атсалысу өте қажет. Өйткені дұрыс тәрбие алған бала қоғамға пайдасын тигізетін азамат болып өседі.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

## ӘКЕНІҢ ОРНЫ БІР БӨЛЕК

Елордада Халықаралық әкелер күніне орай Білім басқармасы мен әдістемелік орталықтың ұйымдастыруымен «Әке тәрбиесі – ғасырға азық» атты қалалық форум өтті. Іс-шара әкелерді тәрбиелеу арқылы салауатты қоғамды қалыптастыруға, олардың отбасы институтын сақтау мен нығайтудағы ерекше рөлін көрсетуге бағытталған.

Форумға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің, Астана қаласы Білім басқармасының, әкелер қауымдастығының, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиеленушілері мен орта білім беру ұйымдарының оқушыларының әкелері қатысты.

«Әке – әркім үшін асқар тау және тірек. «Жүз мектеп әкенің тәрбиесін бере алмайды» дегендей, әкеден әрдайым тәлім алуға болады. Мен алты баланың әкесімін. Біздің жүрегіміз әрқашан балаларымыз деп соғады, біз үшін балаларымыздың ақылды және парасатты болғанын көруден артық бақыт жоқ. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы енгізілді. Оның мақсаты – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеу. Ұлттық қызығушылық, ар-намыс, алғыс, жауапкершілік және прогреске ұмтылу сияқты құндылықтар білім беру мекемелерінде жүргізілетін тәрбие жұмысының мазмұнында көрінеді. 2023-2024 оқу жылынан бастап



Астананың барлық мектептерінде «ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталықтары ашылды. 2024 жылдан бастап «Әкелер» қалалық бірлестігі құрылып, мектептерде «Әкелер» клубтарының қызметі жанданды» деді Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев.

Ведомство басшысының айтуынша,

Халықаралық әкелер күніне орай оқушылар арасында «Әкеге хат» тақырыбында 294 хат жазылып, әкенің отбасындағы ерекше орнын атап өтіп, жастардың оған деген құрметпен қарауға тәрбиелейді. Сондай-ақ «Менің әкем» сурет байқауына 550 жұмыс ұсынылып, қазылар алқасы олардың ішінен ең жақсысын таңдады.

№71 (4659) 15/06/2024 Сенбі

## ӘСКЕРИЛЕР ӨНЕР КӨРСЕТТІ

Кеше елорданың Есіл жағалауында Кеңес Одағының Батыры, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетов пен Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай әскери-патриоттық концерт өтті.



5573 әскери бөлімінің басшылығы Астана қаласы Сарыарқа ауданы әкімі аппаратымен бірлесі отырып, құқықтық тәртіп әскерлерінің қызметін насихаттау, жастарды жаңа қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған концертте Ұлттық ұланның ән-би ансамблі өнер көрсетті.

Кенесары хан ескерткіші алаңында өткен мәдени іс-шарада астаналық жедел бригаданың Құрмет карауыл ротасы танымал туындыларға құрылған дефиле-лерін ұсынды. Қалқымалы театр форматындағы жобада Астана қаласында орналасқан әскери бөлімдердің тыныс-тіршілігі туралы фотокөрме ұйымдастырылды. Әскери киім үлгілері көрсетіліп, Ұлттық ұланның қатарына жұмысқа орналас-тыруды насихаттау жөніндегі консультативтік-анықтамалық пункттер жұмыс істеді.

## БАЛАЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Елордадағы Орталық балалар кітапханасында Астана қаласы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ұйымдастыруымен «Менің қолтаңбам» кітапхана жобасы аясында халқына талай сазды әуен сыйлаған сазгер, белгілі ақын, қоғам қайраткері Әкім Ысқақпен кездесу өтті.



Әкім Ысқақтың кітаптары барша оқырман қауымға таныс. Қоғам қайраткерінің өмірі мен шығармашылығын

таныстыру, жастарды елжандылыққа, әдебиетті сүйеге, сұлулыққа құштар болуға тәрбиелеу мақсатында өткен

«Балалар мен жасөспірімдерді оқуға насихаттау» атты кездесу оқырман көңілінен шықты.

Кездесуге қатысушы балалар ақынға сұрақ қойып, оның өлеңдерін жатқа оқыды. Автор өз қолтаңбасын қойып, кітаптарын балаларға сыйға тартты.

– Танымал қаламгер, қоғам қайраткері Әкім Ысқақпен кездесу өте мағыналы өтті. Балалар ақын өлеңдерін оқып, сұрақтар қойып, қаламгермен емір-еркін сырласты. Әсіресе, Әкім Ысқақтың кітап оқу және оның пайдасы жайлы айтқан орамды ойлары жас жеткіншектерге зор шабыт берді. Астана қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі жыл сайын 2000-нан астам іс-шара өткізіп, оқырман ықыласына бөленіп келеді. Бүгінгі кездесу де соның айқын дәлелі, – деді Астана қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі мекемесінің басшысы Гүлбадан Сақтапқызы.

## ИНКЛЮЗИВТІ СПОРТ ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ

Елордадағы Жақсылық Үшкөмпіров атындағы «Жекпе-жек» сарайында «CHILDREN PARALYMPIC GAMES 2024» атты инклюзивті спорт фестивалі өтті. Оған Қазақстанның 23 қаласынан 400-ге жуық ерекше қажеттіліктері бар балалар мен жастар қатысты.

Кездесуде церебралды сал ауруы, көру, есту қабілетінің бұзылуы, Даун синдромы, аутизм, бұлшықет дистрофиясы, сөйлеу дамуының кешігуі сияқты диагноздары бар спортшылар топтарға бөлініп, тең физикалық және интеллектуалды мүмкіндіктерді ескере отырып, өзге қатысушылармен бәсекелесті.

Дәстүрлі түрде өтетін фестиваль осымен бесінші жыл қатарынан «Тең мүмкіндіктер әлемі» қоғамдық қоры мен Қазақстан бочча федерациясының бастамасымен ұйымдастырылып отыр. Екі күн уақытпен өткен фестиваль мүгедек жастарды дене шынықтырумен және спорт-

пен жүйелі түрде айналысуға, жасөспірімдер арасында белсенді өмір салтын нығайтуға және әлеуметтік белсенділікті, сенім мен өзара сыйластықты арттыруға бағытталған.

– «Samruk-Kazyna Trust» қоры бірнеше жылдан бері елімізде адаптивті спорт үйірмелерінің ашылуына қолдау көрсетіп келеді. Жыл сайын Астана қаласында адаптивті спорт саласында жетістікке жетіп, ерекше көрсеткіштерге қол жеткізген жас спортшылармен үнемі кездесу өткіземіз, – деді фестивальге бас демеуші болған «Samruk-Kazyna Trust» қорының бас директоры Альфия Адиева.

– «CHILDREN PARALYMPIC GAMES 2024» жарысы өңір-өңірде қалалық деңгейде өткен болатын, бүгін, міне, үздіктер республикалық додада бочча, голбол, адаптивті шығыс жекпе-жегі (карате, таэквондо, дзюдо), адаптивті футбол, адаптивті жүзу, жеңіл атлетика, үстел теннисі секілді спорт түрлері бойынша сайысты. Сондай-ақ спорт фестивалі аясында 7 қаладан «инклюзивті хореография» үйірмелерінің тәрбиеленушілері арасында инклюзивті би байқауы өтті, – деді фестиваль ұйымдастырушысы және «Тең мүмкіндіктер әлемі» қоғамдық қорының директоры Нұргүл Ұлжекова.



## ЖАҢА ТЕАТР АШЫЛДЫ

Елордадағы MEGA Silk Way сауда-ойын-сауық орталығында «ЛЯ» театры ашылды. Шағын өнер алаңының ашылу салтанатында елордаға гастрольдік сапармен келген Юрий Никулин атындағы Мәскеудің түрлі-түсті бульвардағы циркі өнер көрсетті.

Алғашқы қойылым қайырымдылық мақсатта, яғни елордадағы мүмкіндігі шектеулі балалар мен толық емес отбасыдан шыққан балаларға арналды. Театр жетекшісі Ләззат Тұрсынбаеваның айтуынша, көпшілік жиі жиналатын орындарда шағын театр болу керек.

«Бүгін біз сауда ойын-сауық орталығындағы жаңа театрымыздың ашылу салтанатын қайырымдылық мақсатта өткізіп отырмыз. Ол үшін атақты Мәскеу театрын шақырдық. Басты мақсатымыз – мүмкіндігі шектеулі балалар мен толық емес отбасыдан шыққан балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Астана қаласы әкімдігімен бірлесе осындай қайырымдылық шарасын өткізіп отырмыз. Атақты цирк әртістерінің қойылымын алдымен балалар тамашалау керек деп

ойлаймын. Бұл жер 650 көрерменге арналған. Әрқашанда түрлі шаралар өтетін болады. Ал жалпы адам көп жиналатын орындарда шағын театр болғаны дұрыс есептеймін. Біздің театрдың әзірге өз өнер ұжымы жоқ. Бірақ болашақта болады деп үміттенеміз» дейді «ЛЯ» театрының жетекшісі Ләззат Тұрсынбаева.

Әлемдік цирк кеңістігінде орны бар Никулин циркі көрермен назарына әуе гимнастшылары мен акробаттар, көпшілік сүйетін сайқымзақтардың қызық бағдарламаларын ұсынды. Сүйкімді ит пен мысықтар да өнер көрсетті. Бұл ресейлік өнер ұжымы елордада 15 маусымнан бастап 7 шілдеге дейін гастрольмен болады.

Зарина СӨРСЕНБАЙҚЫЗЫ



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №71

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ